

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№7 | 2022

ZANMEDIA.KZ

ЖАНАР ИБРАГИМОВА,

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ:

**«СУДЬЯ
ЖҰМЫСЫНДА
ЖАЛҒЫЗ
ХАТШЫ
АЗДЫҚ
ЕТЕДІ»**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№7 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

ТҰРМАҒАНБЕТОВА А.
дінтану магистрі

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Жанар ИБРАГИМОВА,
Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының
судьясы:

«Судья жұмысында жалғыз хатшы аздық етеді»

Т. Смағұлқызы

3

Алаштың бағына туған ұл

Д. Әмір

10

ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗЕКТІЛІГІН КӨРСЕТТІ

А. Балмұханов

17

Нұржан ҚАРАБАЕВ,

Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы:

«ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ БОЛУ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ»

Т. Ибашева

19

Өз ісінің майталманы

А. Алтынбаев

22

Тәуелсіз сот ел тірегі

М. Нағашыбаев

24

Татуластыру шаралары тиімділігін көрсетуде

С. Қабидолдина

27

Медияция рәсімдері электронды түрде жүргізілуде

Т. Дюсембекова

29

Судья — әділдік қорғаны

З. Хамидуллина

31

Адам саудасы құрбандарын қорғау

Е. Наурызхан

33

Ұры

Қ. Әбдуов

35

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА



Ел соттарының қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан тәжірибелі судьялардың бірі Жанар Ибрагимованың осы салада қызмет етіп жүргеніне биыл 17 жыл толады. Әрине, бұл қиындығы мен жауапкершілігі орасан қызмет үшін аз уақыт емес. Сондықтан, Жанар Мұхадиқызын тәжірибелі судья әрі өз ісінің нағыз маманы деп сенімді түрде айта аламыз.

Ж.Мұхадиқызының сот саласындағы алғашқы қадамы сот мәжілісінің хатшылығынан басталған. Яғни, ол Алматы қаласының Бостандық ауданындағы Алатау сот учаскесінде хатшы, сондай-ақ, Алматы қалалық сотында маман бола жүріп жүйе жұмысының қыр-сырын жетік меңгереді.

«Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ» демекші, қатарластары секілді Жанар Мұхадиқызы да судьялыққа конкурсқа түседі. Мақсаты орындалып, 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Талдықорған қалалық әкімшілік сотының судьялығына (қазіргі Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты) тағайындалады.

Осы жылдары ел соттары мамандандырылып жатқан болатын. Аталған сот жұмысының жандануына атсалысып, он жылдай еңбек етеді. Бұдан соң Президент жарлығымен Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына ауысады.

Бүгінде Жанар Мұхадиқызы осы сотта қызметін абыроймен жалғастыруда.

Жанар Ибрагимова Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің тауартанушы-инженер мамандығын және Д.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясының заң факультетін бітірген.

Отбасылы, екі қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана. Жолдасы Ерлан Иманғалиев Қазақ күресінен Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы әрі жоғары дәрежелі спорт төрешісі.

Жанар ИБРАГИМОВА,

Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы:

«СУДЬЯ ЖҰМЫСЫНДА ЖАЛҒЫЗ ХАТШЫ АЗДЫҚ ЕТЕДІ»

– Мектеп бітірген соң Аграрлық университетте білім алыпсыз, мамандығыңызды неге өзгерттіңіз?

– Әрнәрсе өз орнымен, бұйырған уақытында болады деп үлкен кісілер айтып отыратын. Соның растығына есейе келе көзіміз жетті. Мамандықтың жаманы жоқ екенін ескерсек, адамға білім ешқашан да артықтық етпейді. Тауартанушы-инженерлік заман сұранысына сай мамандық болғанымен, елімізде бұл сала ойдағыдай дамытылмады. Оның үстіне 1997–1998 жылдары қандай дипломмен болсын жұмыс табу өте қиын болатын. Ол кездердегі жағдайды замандастарым жақсы біледі. Алған білімімізге сай жұмыс табылмағандықтан, бірге бітірген курстастарымның басым көпшілігіне екінші мамандық алуға тура келді. Мен бала күнімнен жаныма жақын заңгерлікке баруға бел буып, қайтадан оқуға тапсырдым. Жолым болып, заң факультетінің студенті атандым.

Аграрлық университеттің мұғалімдері бізге өте терең білім, тағлымды тәрбие бере білді. Содан болар, қатарластарым жұмыстың жоқтығын сылтауратпай, екінші

диплом алып, өмірден өз орындарын тапты. Мұның өзі ұстаздар еңбегінің көрсеткіші екені анық.

– Заңгерліктің жаныңызға жақын болуының қандай да бір себебі бар шығар?

– Заңгерлікке қызығушылығымды әкем оятты десем де болады. Ол кісі орысша-қазақша басылымдарға үзбей жазылып, бізді газет-журнал, кітап оқуға кішкентай кезімізден баулыды. Есімде қалғаны «Человек и закон», «Вокруг света», «Наука и жизнь» журналдарын, Л.Шейниннің «Записки следователя» кітабын аса бір қызығушылықпен оқыдым. Менің заң саласына келуіме осы оқығандарымның тікелей әсері болды.

Заңгерлік жолымды сот жүйесінде бастауыма бағыт-бағдар берген үлкен ағам Айбол. Әкем екеуі маған сенім білдіріп, жылы лебіздерімен әрқашан да қолдап, қолпаштап отырды.

– Ата-анаңыз жайлы да айтып өтсеңіз?

– Әкем Мұхади Қалиасқарұлы жол құрылыс маманы, ол кісіге көп сұрақ қоятынмын. Соның бәріне жалықпай тиянақты жауап беретін. Сұрақтарыңның жауабын білу үшін кітап оқу керек дейтін әркез. Көлікпен келе жатқанда да жол ережелерін ерінбей түсіндіретін. Сол ақыл-кеңесінің пайдасын қазіргі күнге дейін көріп жүрмін. Иссапармен Алматыға барғанында ойыншық емес, тек кітап, журналдар әкелетін.

Анам Күлшаруан Тәліппайқызы әртүрлі салада еңбек етіп, бала тәрбиесімен айналысты. Анам бізді адалдық пен ізгілікке, біреудің ала жібін аттамауға тәрбиеледі. Кез келген істі жауапкершілікпен тиянақты атқару керектігін құлағымызға құйып өсірді. Әкеміз бен анамыз бізді барлық уақытта қолдап отырды. Қазіргі күні екеуі де зейнетте.

– Судьялыққа өту қаншалықты қиын болды?

– Мемлекетімізде судьялар Президент жарлығымен тағайындалады. Осының өзін ақ бұл қызметтің оңай еместігін байқата-

ды. Сынақтан сүрінбей өтуіме сотта хатшы, маман бола жүріп жинаған тәжірибемнің көмегі көп тиді.

Бұл тұрғыда айта кетерлігі, сол кездегі Алатау сот учаскесінің төрағасы Иса Майшибаев сенім білдіріп, жұмысқа қабылдады. Малика Естекова мен Айгүл Кулжабаеваларға хатшы болдым. Өкінішке қарай, Малика Омарғазықызы қазір арамызда жоқ. Алматы қалалық сотында да тәжірибелі судьялардан үйреніп, көргенім, көкейіме түйгенім көп.

Жоғарыда айтқан судьялармен қатар Тұрғынбек Әлімбеков, Тілектес Бәрпібаев сынды ағаларымызды ерекше атағым келеді. Жастардан ақыл-кеңестерін аямай, әрқашан да сенім артып, қолдай білген аға буын өкілдеріне алғысым шексіз.

– Даудың ақиқатына жетіп, әділдігін айтуға бірден кірісіп кету оңай емес шығар?

– Менің ойымша, жұмысты қаншалықты жақсы білемін дегеніммен, алғашқы кезде әрбір маманға бағыт-бағдар керек. Сондай



Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұжымы



Талдықорған қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьялары (2012 ж.)

сәтте әріптестеріңмен ой-пікір бөліскеннің артықтығы жоқ.

Тағы бір айтқым келгені, сот мәжілісінің хатшысымен бірге судьяның көмекшісі немесе екінші хатшысы болуы керектігін жұмыс барысы көрсетіп отыр. Судьялыққа үміткерлердің басым көпшілігі соттардан шығатынын ескерсек, судьямен етене жұмыс істейтін көмекшілер мен хатшылар жұмыс сапасын арттыруда тиімді рөл атқарар еді. Себебі, үлкен қалада іс көп. Хатшы процеске бізбен бірге барады, істерді архивке өткізеді, телефонға жауап береді. Жұмысы жетіп артылады. Кейде қыруар жұмысты бір адамның игеруі мүмкін болмай кетеді. Хатшының ауырып қалуы немесе басқа жаққа ауысуы, сондай-ақ, жұмыстан шығып кетуі мүмкін. Басқа хатшы конкурстан өтіп келгенше судья қиналып қалады.

Сондықтан, судьяға жалғыз хатшы аздық етеді. Мықты судьялар көмекшілер мен хатшылар арасынан шығарына сенімдімін.

Олай дейтінім, билер институтынан байқағандай, бала билер әрқашан да дана билердің сынағынан өтіп, өздерін дәлелдеген. Билікке араласатындар міндетті түрде үлкендердің батасын алып, ақыл-кеңесіне жүгінген. Соның бәрі бізге үлгі-өнеге болуы тиіс.

– Қалай ойлайсыз, бұзылып, өзгертілген сот актілерінің саны жұмыс сапасының көрсеткіші бола ала ма?

– Судья жұмысының сапасын бұзылған немесе өзгертілген сот актілеріне қарап бағалау дұрыс емес. Себебі, әртүрлі жағдай болады. Мысалы, экономикалық соттар

да заңды тұлғалар арасындағы азаматтық істер қаралады. Заңды тұлғаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызына қатысты істі қарап жатқанда жауапкердің өз міндетін дұрыс немесе толық орындамағандығы анықталады. Әрі ол іс қаралып біткенше өзінің кемшілігін түзетпейді. Істің қаралу мерзімі болғандықтан, ұзақ уақыт ұстап жүре алмайсың. Заң талабымен заңды тұлғаны жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешім шығарылады.

Бірақ, жауапкер апелляциялық саты соғына барғанда өзіне тиісті барлық міндетін орындайды. Оған қоятын ешқандай кінә болмайды. Соның нәтижесінде бірінші саты соты шығарған шешім бұзылады. Мұндай жағдайда бұзылып, өзгертілген сот актілері судья жұмысының сапасына көрсеткіш бола алмайтынын көрсетеді.

– Сот жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалардың қайсысын айрықша атар едіңіз?

– Мамандандырылған әкімшілік соттардың құрылуын, сондай-ақ, медиацияны дамыту бағытында соттар тарапынан қолға алынған игі істерді ерекше атар едім. Өйткені, әкімшілік әділет пен бітімгершілік институттарының құқықтық мемлекет құруға ұмтылған еліміз үшін маңызы зор. Мысалы, медиация тәсілдері азаматтар бойында құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Яғни, оларды кешірімділікке, өзара бітімгерлікке үндеп, дауды мәдениетті түрде реттеуге жол ашады.

Тәжірибемнен мысал келтірсем, жақында бір жыл бойы соттасып жүргендер ісін медиациямен бітірдім. Осы уақыт ішінде олардың қаншама уақыттары, қаржылары, денсаулықтары кетті. Байқағаным, дауласушылар уақыт созу арқылы бір-бірінен өш алғысы келетін секілді. Әрине, бұл тұрғыда тараптарға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Дауды өзара келісіммен бітірудің барлық жағынан тиімді екенін жеткізуге тырысамыз. Бабаларымыз «Ынтымақ – оқ өтпес сауыт, Татулық – тамаша сауық» не-



Әріптестермен



месе «Татулық – табылмас бақыт» дегенді бекер айтпаған ғой.

– Сот хатшыларының жиі ауысатындығы жайлы естіп қаламыз, мұны немен байланыстырар едіңіз?

– Сот хатшыларының жұмысы оңай емес, жалақылары да керемет дей алмаймын. Дегенмен, олардың тұрақты жұмыс істеуі тікелей өздеріне, яғни, алға қойған мақсаттарына байланысты. Мақсаты айқын, алған білімін, таңдаған мамандығын сыйлайтын жандар қиындықтан қашпай, сол арқылы өзінің жеке өмірін де ұйымдастыра алады. Меніңше, өзін-өзі қалыптастыруға тырыспаған адамға ешкімнің де ықпалы болмайды. Жалақысы жоғары жұмысты да тастап кетеді.

– Уақытының көбі жұмыста өтетін судьялар үшін еңбек демалысына берілетін бір ай аздық етпей ме?

– Шынын айтқанда аздық етеді. Өйткені, демалысымыздың кемі бір аптасы жұмыста өтеді. Яғни, еңбек демалысына бірден шығып кете алмаймыз. Шешімдерді жазып, істерді дайындап, барлығына қол қойып кету керек. Мұның бәрі уақыт алады. Сондықтан, судьялардың еңбек демалысына тағы бір он күн қосу артықтық етпес еді. Бұл менің ғана емес, жалпы әріптестерімнің көкейінде жүрген мәселе.

– Заңгерлердің көптігінен қоғамға қандай да бір пайда бар ма?

– Заңгерлердің көп болғаны жақсы, одан ешкім зиян шекпейді. Әлеуметтік желілер

арқылы халықтың құқықтық сауатының өсуіне ықпал етіп, құқық қорғау, сот салаларындағы пилоттық жобаларды, сондай-ақ, толықтырылып, өзгертілген заңдарды түсіндіретін заңгерлеріміз баршылық.

– Жұмыс пен отбасыны үйлестіріп, екі жаққа да үлгеру, яғни, мінсіз қызмет ету, келіндік, аналық, т.б. міндеттері бар әйел адамдардан үлкен еңбекті, терең пайымды талап етеді. Бұл тұрғыда аналарға ең бірінші не қажет деп ойлайсыз?

– Адам тағдырын, оның өмірінде айрықша мәнге ие істерді таразылау, оларға қатысты қандай да бір шешім қабылдаудың қаншалықты ауыр екенін әріптестерім жақсы біледі. Жұмыспен жүргеніңде отбасың, бала-шағаң екінші орынға шығып, керек кезде балаларымыздың қасында бола алмай қалатынымыз бар. Мұны өзіміз байқамауымыз мүмкін. Алайда, балаларымыз біздің әрбір қадамымызды қалт жібермейді.

Осыдан 7-8 жыл бұрын кішкентей қызым жаңа жылды жек көретінін айтты. Жаңа жылдың қарсаңы болатын «Ой, балам, неге жек көресің, күшті мейрам, сыйлықтар аласың, әдемі костюм киесің» дегенімде «жоқ, жаңа жылдың алдында сізді ылғи да көрмей қаламыз. Бізді тастап кетті деп ойлаймыз» дейді. Сол кездегі қызымның өкпесі мені қатты ойландырды. Біздің де ата-анамыз күні-түні жұмыста жүрді. Бірақ, оларға өкпелегеніміз есімде жоқ. Қазіргі заманның балалары басқаша екен. Сондықтан, әйел адамға ең бірінші отбасының, жолдасының қолдауы қажет.

– Алаңсыз жұмыс істеуде жанұяның қолдауы маңызды демексіз ғой?

– Әрине, өйткені, адам баласының өмірінде отбасының алар орны зор. Жоғарыда айтқанымдай, судьяларға кейде күндіз-түні, демалыс демей жұмыста жүруге тура келеді. Сондай кездері отбасың түсінбесе қиынға соғады.

Қарапайым мысал, үйіңе келген қонағыңды күте алмауың, бала-шағаңа уақытымен ас-ауқатын дайындап бере алмай қалуың мүмкін. Мұндай кездерде әрқашанда түсіністікпен қарап, қолдап отырған үлкендерге, жолдасыма алғысым шексіз. Қалай дегенде де біз өзіміз қалап, таңдаған жұмысымыздың барлық жауапкершілігін көтеруге тиіспіз. Қай мекемеде, қай салада жұмыс істемесін өз ісінің нағыз маманы болу әрбір адамның басты міндетіне айналуы тиіс. Сонда ғана біз халыққа жоғары деңгейде қызмет ете аламыз.

– Бос кездері немен айналысқанды жақсы көресіз, яғни, хоббиіңіз бар ма?

– Кішкентайымнан бөлме гүлдерін өсіруге құмар болдым. Сол қызығушылығым әлі күнге дейін қалған жоқ. Одан кейін жаныма сурет өнері жақын. Дайындық курстарға арнайы барып айналысамын.

– Еңбектің рахатын көру үшін адамға не қажет?

– Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, қай істің болсын өнуінде үш шартты үйлестіре білу керек, ол үшін ең әуелі – ниет, одан соң – күш, сосын – тәртіп керек. Адам осы үш шартты үйлестіре білгенде ғана еңбегінің жемісін көрері хақ.

– Әңгімеңізге үлкен рақмет.

Сұхбаттасқан
Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ

АЛАШТЫҢ БАҒЫНА ТУҒАН ҰЛ

Қазақтың құт дарыған топырағы - Торғай атырабы еске түскенде, оның сары даласында «елім!», «ұлтым!» деп атой салған қайран ерлері көз алдыңа келгендей болады. Арғы тарихты айтпағанның өзінде, кешегі патша отаршылдары билеген кезеңдерде, одан тонын теріс айналдырып киіп, «ең әділетшіл, ең бостандықшыл, ең теңдікшіл елміз!» деп әлемге жар салып, ал іс жүзінде сол империялық саясатты күшейте түскен, бұрынғы берекесі тасыған қазақтың дархан даласына қасірет жұттырып, құты мен ырысын қашырған, қанға бөктірген кеңестік билік үстемдік салтанат құрған дәуірде жалғыз Торғай даласының өзінен намысын қайрап, қаһарлана атқа қонған талай айбынды ерлеріміз бас көтерген.



Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

Ал Алаш қайраткерлері бұл күші басымы, зорлықшыл империямен қолға қару алып күресудің тиімсіздігін түсініп, туған халқының көзін ашып, оятып, сілкіндіріп, оқу-білім алу жолымен алға басуды мұрат тұтып, баспасөзді дамытып, газет-журналдар аша бастағанда, алаш жұртының көсемі Әлихан Бөкейханұлының шақыруына алғаш үн қатқан Торғай топырағының перзенттері болатын. Солардың ішінде озық тұратын екі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының жөні бөлек еді. Жиырманшы ғасырдың бас кезіндегі әйгілі патшалық столыпіндік реформадан кейін орыс переселендері қазақ жеріне өңмеңдей еніп, ежелден жұртымыз қоныстанып келген жайлау-жайылымдарымызды иелене бастағанда, Әлиханның жанынан табылып, Ресей патшалығының далалық генерал-губернаторына жер жөнінде наразылық петициясына қол қойған санаулылардың бірі тағы да Ахмет еді. Қысқаша айтқанда, сол замандарда қандай да бір қазақтың мүддесі қорғалған мәселелерден оның тыс қалған кезі болмапты, керісінше, үнемі басында, ұйытқысы да, ұйымдастырушысы да өзі болып жүрген.

Ахмет Байтұрсынұлының туған халқының алдында сіңірген еңбегі күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ, содан бері де талай ұрпақ ауысса да, тарих шаңына көміліп қалмай, тіпті, уақыт өткен сайын, керісінше, құндылығы арта түсіп, қоғамдық формациялар әлденеше құбылып, өзгеріске түсіп жатса да саф алтындай жарқырап, халқының кәдесіне жарап келеді. Кешегі оның атын атаудың өзі қылмыс саналған кеңестік дәуірдің өзінде ол негізін қалап кеткен ғылым еш тоқтаусыз өмір сүріп отырды, қазақ даласындағы қолданылып келген тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары Ахметтің еңбектеріне сүйеніп, жүйеленді және басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Жасыратыны жоқ, сол аумалы-төкпелі, әділетсіз қиянат-қысымға толы қитұрқы саясат тұсында, «енді оның аты біржола өшті» деген сеніммен, еңбектерін пайдала-

нып, ғалым атанғандар да болды. Бұл туралы жазушы Ғ.Мұстафин алаш ардақтылары ақталардың алдында «өзімнің алаш қайраткерлері туралы білетінімді енді жасыру, арымның, халқымның алдында мүмкін болмады. Олардың еңбектерін пайдаланып атақ алғандар, қарнына қазы біткендер бар» деп, «Жалын» журналына, мақала деуге келмейтіндей, қысқа ғана халқына хат түрінде мәлімдеме жасағаны есімізде. Әрине, бұл үшін, қаншама уақыт араға түскеннен кейін, ізі әлдеқайда суыған іс-әрекеттер үшін әлдекімдерді жауапқа тарта да алмаймыз, олардың да сол арыстарымыздың соңынан көп ұзамай күндері батқан. Жасалған қылмыс, зұлымдықтың да сол қиын заманда өз есебін түгендеген, саясатыңғайына бейімделгіш құлық-сұмдықтың да уақыты келгенде жауабы сұралады. Төбеден төнген қара бұлт сейіліп, халық тұманнан айығып, шындық жарқырап шыға келгеніне, міне, куә болып отырмыз. Ақиқатына келгенде, бұған ең басты айыпкер – сұрқия саясат ұстанған сталиндік қанқұйлы режим болатын. Тарих шегершігі айналып келгенде, сойқанды саяси кезең қазақтың арда туған арыстарына тап келді – ең үлкен өкініш, замананың ащы запыраны осы. Бірақ, бұл тарихтың қайғылы сабағы ешқашан ұмытылмайды, халықтың көкейінен өшпесі анық. Әрқашан кері кеткен заманның бір түйткілді трагедиясы ретінде еске аламыз, қайран ерлеріміздің биік елдік рухы мен ерліктерінің алдында басымызды иеміз, әруақтарына құран бағыштап отырамыз.

«Алмас кездік қын түбінде жатпас» дегендей, қандай қылышынан қан тамған қаһарлы империя да, оның сойылын соққан саяси идеология да, сол кеңестік жүйенің жандайшап жендеттері қанша тырысса да Ахмет Байтұрсынұлындай ұлы ғалымның, күрескер ақынның қасиетті мұраларын, көл-көсір қазыналы еңбектерін жойып жібере алмады. Дәурендері жүріп тұрғанда жолын бөгегенімен, уақытша бетін көлегейлегенімен, тіпті, Ғабиден Мұстафин жа-



атап өтіп, биылғы жыл – Ахмет Байтұрсынұлы жылы деп белгіленді. Халық үшін жасалған қасиетті еңбекті ешқашан тот баспайтындығының, оны ешбір саяси күштердің жойып жіберуге құдіретінің жетпейтіндігінің жарқын бір мысалы осы! Осылайша, ақынның өлмес қазыналы еңбектері әлемдік биік деңгейдегі мысалдары – ғұмыр болып тарихымызда қайта жаңғырды.

Оның барша мұраларын тізбелеп шығуға арнайы еңбек болмаса, әрине, бір мақала ішінде тегіс қамтып шығу мүмкін де болмас еді. Дегенмен, хал-қадірімізше, ұлы ұлт қайраткерінің еңбегіне өз тұрғымыздан баға беруге талпындық. Оның асыл тұлғасын әр тарапта, әркімнің өз тұрғысынан, өзінше өрелеуімен ұрпағымызға таныла бергені, сараптала түскені артық болмас деген ойдамыз. Өйткені, осыншалық зор белеске көтерілген тұлғаның қайраткерлік, ғалымдық, әдебиеттанушылық, тілтанушылық еңбектерін тек

зып кеткендей, оның еңбегін пайдаланып кеткендер де болғанымен, ғалымның адал еңбегі абыройлы атағымен нағыз иесіне қайтарылды. Бұрынғы бетімен арамдыққа бақ-құт, атақ болып қала алған жоқ.

Ең бастысы – халық берген абырой-атақ. Ал, ел-жұрты оның баға жетпес еңбектерін өзге кімге қияр еді? Кезеңі келгенде оның халқына қалдырып кеткен сарқылмас қадірлі мүлкі – ғылыми, әдеби дүниелері жарқ етіп ел көгіне қайта көтерілді, енді ажырамастай болып, жұртымен мәңгіге қауышты. Еңбегінің өлмегендігі, мәңгілікке елінің көгінде жарқырап тұра беретіндігінің дәлелі сол, ел-жұрты аяулы перзентінің 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде

бір бағытта салмақтап, жіктеп шығу аздық етер еді. Оның үстіне, Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдығы мен ақындығына қоса, мемлекеттік биік дәрежедегі қайраткерлігінің өзін сан-салаға бөлуге болар еді. Яғни, ол қоғамтанушы, саясаттанушы, тарихтанушы, заңтанушылық тұрғыдан да еңбектер жазған бесаспап ғалым. Өйткені, алаш қайраткерлері ұлт туын көтерген тұста, отаршылдық тоқырауына ұшыраған халық арасында бұл қажеттілік болатын. Ұлт қайраткерлері жұртының сана-түйсігін оятып, сілкіндіріп, әр тараптан көзін ашуға, бағыт беруге тиіс болды.

Ахмет Байтұрсынұлы – ірі ғалым, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиетінің реформа-

торы, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі ретінде танылған тұлға. Тіпті, осылайша анықтама беріп, қысқа қайыра салудың өзі оның ұланғайыр еңбегінің алдында аздық етеді, ол – «Алаш» партиясының, сонымен бірге, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, аудармашы, көсемсөзші-публицист, сол тұста халқына шамшырақтай нұрын төккен «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі бас редакторы ретінде ұлт тарихында терең із қалдырды. Жоғарыда баса көрсеткеніміздей, күрескер рухты Торғай топырағында дүниеге келуінің үстіне, ел қамын жеуін, жұртына бас болуға ұмтылған қамқор ұлтшылдық пиғылын оның қанында бар, тегінен жұғысты болған қасиеті деуге болар. Олай дейтініміз, әкесі Байтұрсын Шошақұлы өз ортасына аса ықпалды, беделді, әділеттілігімен аты шыққан адам екен. Оның момын жұртына араша түсіп, аймағын билеген ояздың, яғни, уезд бастығы Яковлевтің басын жарып, он бес жылға Сібірге жер аударылған оқиғасы ел аузында аңызға айналған. Нақ осы оқиға Ахметтің жүрегіне мұз боп қатып, кейін күрес жолына түсуіне басты себеп болған. Ол туралы кейін жазған «Анама хат» деген өлеңінде былай деген:

*Оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адамдық ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?*

Осы шумақтың өзі сол оқиғадан бала Ахметтің жаны қаншалықты жараланғандығын білдіреді. Сонымен бірге, болашақ ұлт қайраткері, ұлы ғалымы болар ұлдың сағын сындырмай, қайта қайрай түсіп, алдағы өмірінің жарқын істерге толы түзу жолын нұсқап, көрсетіп кеткен сияқты. Тіпті, осынау өлеңінде жырлағанындай, «көрге барғанша, адамдық ісін» қылуға ол өзіне серт бергендей.

Ұлы жазушымыз М.Әуезов өзінің әйгілі

әңгімесі «Қараш-Қараш оқиғасының» сюжетін осы Байтұрсын Шошақұлының өмірінен алып жазғандығы туралы деректер кездеседі. Зерттеушілердің дәлелдеуінше, кейін кино түсірілген осы әңгіменің басты кейіпкері Тектіғұлдың прототипі – Байтұрсын болған. Сол аяулы әке ел-жұртының қамы үшін құрбан болғанда, сол кездегі жасөспірім бала Ахметтің қандай жолға түсетіні айқындалған сияқты, ол жоғарыдағы өлеңінде әке аруағының алдында, «адамнан туып, адамдық жолына қалай түспеймін?!» деп, серт бергендей. Және соны барша өмір жолдарымен дәлелдеп өтті.

Жақынынан ерте айырылған Ахмет әкесінің інісі Ерғазының қолында тәрбиеленеді. Ол кісі бала Ахметтің оқу-білімге құмартқан талабын байқап, әуелі атақты Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған бастауыш қазақ мектебіне береді, 1891 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне, ал 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, білімін жетілдіре береді. Бұл сол заманның баласы үшін өте биік жетістік болатын. Әрине, әкеден жастай жетім қалған бала үшін, жағдайы жақсы туыстар қамқорлығы болмаса, осылайша ізденіс жолына түсудің қиын болары сөзсіз. Осыған қарағанда, жақын туыстары да оның үлкен болашағын көре біліп, соған ықпал жасап отырған. Қазақ даласында Ахмет сияқты білім дәрежесіне жеткен мұғалімдердің жетіспейтіндігінен, әрі қарай ол ұстаздық жолына түсіп, 1896–1907 жылдар аралығында әуелі Ақтөбеде, одан Қостанай, Қарқаралы жерлерінде уездік, ауылдық, болыстық мектептерде кезегімен сабақ бере бастайды. Бұл Ахметтің өте жемісті болған, тәжірибе жинақтаған жылдары еді. Кейін ол бұл туралы ақындық шығармашылығында, әрі қазақ баспасөздерінің ашылуына мұрындық болып, публицистік, журналистік жолға түсе бастағанда, өзекті мақалаларын жариялай бастайды. Өйткені, ол ізденгіш, аса сауатты мұғалім болғандықтан, жоғарыда аталған

елді мекендерді аралап, сабақ бере жүріп, қазақ даласына не жетіспейтінін жақсы зерттеп, біле бастайды. Білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді көзімен көреді, бұл салалардағы қажеттіліктер туралы ой түйеді.

Оның әрі қарайғы ғалымдық ізденісіне осы ұстаздық қызмет еткен жылдары көп түрткі болған. Ахмет, әсіресе, сол кезде туған тілінің жағдайын жақсы түсінді, оны ғылыми түрде жүйелеп, бір ізге салмайынша, жалпы жұртымызда білім мен ғылым салаларының кенжелеп қала беретініне көзі жетті. Тез арада оқу құралдарын жазуды қолға алу қажеттігін ұқты. Оның осы мұрат-мүдделері тіл білімі мен әдебиеттану салалары бойынша теориялық еңбектер жазу ойына ұласқан.


Ахметтің «Тіл танытқыш», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» деген теориялық еңбектері – бұл салалар бойынша жарыққа шыққан алғашқы қарлығаштар еді. Содан бері осы салаға жүздеген еңбек жазылды, қаншама тілтану, әдебиеттану ғылымы бойынша академиктер шықты, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды, солардың бәрінің де негізі осы еңбектерде қаланды десек, ешкімнің тауын аласартпаспыз. Және солақай саясат ыңғайымен дәл уақытында Ахметтің нақты лайықты орны айқындалмағанымен, уақыт бәріне таразы – қатал сыншы болып шықты, оның асыл мұрасы да, өзінің абыройлы атағы да жұртына қайтарылып, әділет салтанат құрғанына халқымыз куә болды.

Әрине, сонымен бірге, ел ортасында қызмет қыла жүріп, қайраткерлік деңгейде жұртының қамын жеуі де, бұл үшін өзі сияқты көзі қарақты елдің мұңын көздеген азаматтармен бірігіп, ынтымақтаса қимылдау ойлары да осы кездерде пайда бола бастағандай.

Жалпы, Ахмет ел мүддесін әуел бастан жоғары қойған. Ағайын-туыстары, дос-жолдастары бірігіп, бас қосқанда, оның ел-жұртының қамына бел шешіп, кірісіп кеткенде, қызмет қылар жарының жоқтығын уайым

қылып, елдің бір таңдаулы қызына қосуды ойластырғанда, Ахмет бұдан саналы түрде бас тартқан екен. Жанашыр жақындары қайта-қайта бұл мәселені қозғап, қоймаған соң, тіпті, ашуланып, беттерін қайтарып тастаған. Бірақ, келе-келе, қызмет ауқымы ұлғая бастаған сайын, жанашырларына ғана емес, оның өзіне де, түбі, тамағын, киімін дайындап, әзірлеп отыратын көмекші серік адамның керектігі біліне бастаған. Міне, ерлі-зайыпты Ахмет-Бадрисафа тарихы осыдан басталады.

Екеуінің жұп құрау тарихы да қызықты. Бұл туралы оның жақын туысы, біздің замандасымыз Ілияс Байтұрсынның 1998 жылы Қостанайдан шыққан «Алтын бесік» атты естелік кітабында жақсы баяндалған. Әрине, Ахмет пен Бадрисафаның қосылу тарихынан ғашықтық хикаясын іздегеніміз жөн болмас еді. Яғни, екеуінің үйленуі Ахметтің қызмет жағдайына байланысты туындаған. Ол 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдік оқуын бітірген соң, әуелі осындағы Аманқарағай болыстық мектебіне мұғалім болып орналасады. Бұл елде ешқандай танысы болмаған соң, кейінгі өзіне жар болатын Александраның әке-шешесінің үйіне пәтер жалдауына тура келеді. Әкесі осы Аманқарағай орманының қорықшысы екен. Әуелгіде екеуі ағалы-қарындастай тіл табысып, бірте-бірте ол сыйластық жүрек сезіміне ұласқан. Кейін Ахметтің қызметі Қостанайға ауысқанда, Александраның анасы ризалығын беріп, екеуі қол ұстасып бірге келіпті. Жалпы, Александраның өзі ғана емес, әке-шешесі, Аманқарағайдың қазақ, орыс, татары аралас жергілікті халқы оның үлкен жүректі азамат екенін танып, бағалап, шығарып салған көрінеді. Оның бір белгісі – осы арадағы бұрын Әуликөл аталып келген көл, ауысып кеткен соң оның құрметіне Мұғалімкөл атанып кеткен екен. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, әке-шешесіне, барша елдестеріне сүйкімді, мақтаулы мұғалім жігітке Александраның да қатты ықыласы ауған, Ахмет те жаны таза, тәрбиелі орыс қызын ұнатып



қыздың жасауына берілетін қадірлі мүлікке айналған екен.

Ахмет Байтұрсынұлының жолына жанын құрбан еткен халқының алдындағы, тарих алдындағы ұлы істерінің алғашқы қатарында оның қазақ баспасөзіне сіңірген өлшеусіз еңбегін атаймыз. Әсіресе, сол кезең үшін, халықтың сана-сезімін оятып, намыс-жігерін сілкіндіріп, оқу-білім

қалған, өзіне деген қылаусыз сезімін де танып, бағалай білген. Соның дәлеліндей, екеуі Қостанайдағы мешітке барып некесін қиған, өзара келісіп, Александраға Бадрисафа аты беріліп, мұсылман дінін қабылдаған. Бадрисафа аталуы да кездейсоқ емес, бұл араб тілінен алынған қос сөзді есім, яғни, «бодрун» - қазақша толық ай, «сафа» өте таза деген мағына береді екен. Ұлы ғалымды ешкім жардан салымсыз демеген, Бадрисафамен өте бақытты тұрмыс кешкен, тек араларында дәнекер сәби болмаған. Бадрисафаны оның ағайын-туыстары, барша сыйласқан жұрты өте жақсы көріп, «ақ келін» атапты. Қазақша дәстүрді жақсы ұстанған, өле-өлгенше халқының аяулы ұлының қадірін біліп, құрметтеумен, адал қызмет қылумен өтіпті. Кейін жанжарының басына қара бұлт үйірілгенде, шырқырап соңында жүріпті, айдауда жүрсе де, қамауда жатса да, іздеп барып, тамақ, киімін тасып, жанашырлық көрсеткеніне Ахметпен жақын жүргендер куә болған, біраз естеліктерде бұл туралы айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ елінің тарихында зор әлеуметтік істерге ұйытқы болған үлкен тұлға, мемлекеттік дәрежедегі қоғам қайраткері. Қазақ даласына зор серпіліс тудырған «Қырық мысал» аудармалар жинағы сол кезде Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» жырымен бірге ұзатылған

алуға шақыруда, жалпы саясат ісінде, ел мен жер мәселелерін шешуде баспасөздің рөлі күшті екендігін ол қызметке араласқан кездерінен жақсы түсініп, өзінің алдына қойған зор мүдделерінің біріне айналдырған болатын. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқапқа», шықпай жатып, үкіметтің қудалауымен іле-шала жабылып қалып отырған бірлі-жарым газеттерге ел үшін зор маңызы бар мақалаларын жариялай отырып, қаншама қоғамдық істерді мойнына жүктеп, елдік ауқымды жұмыстарға басшылық жасай жүрсе де, ол енді, бел шешіп, өз газетін шығаруды қолға алды. Осылайша, Ахметтің ұлы мүдделерінің жаршысындай болып, атақты «Қазақ» газеті өмірге келді.

А.Байтұрсынұлы – сол кездегі қазақ баспасөзінің үздігі, әрі «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген атқа лайықты қызмет атқарған «Қазақ» газетінің әрі ұйымдастырушысы, әрі редакторы, әрі тұрақты авторы болды. Газеттің қыр соңына түскен қудалаушылары көп болса да, ол өзге баспасөздерге қарағанда ұзағырақ, 1913-1918 жылдар аралығында, табандатқан бес жыл бойы халқына адал қызмет қылды. Бұл сол қиын-қыстау заман өлшемімен алсақ, өте көп уақыт еді. Ахметтің жүрегінде әлдилеген сәбиіндей «Қазақ» газетінің бұл бес жылдық ғұмырының халқы үшін мың жылдық қадір-қасиеті болды. Өйткені, Ах-

мет бар мақсат-мүддесін, күш-жігерін осы газетке жұмсады, кез келген уақытта бұл үшін қатаң жазаға ілігерін жақсы біле тұрса да, басын тікті. Қазақтың кейінгі замандарда дүние жүзіне атағы жайылатын ұлы жазушысы, ол уақыттағы енді таныла бастаған дарынды жас М.Әуезов «Қазақ» газетінде, А.Байтұрсынұлының зор әлеуметтік маңызды ісі туралы арнайы мақала жазып, онда былай деген: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққандар да, табалдырығынан жаңа аттап, кіргенде де бар. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойына «жол көрсетіп, мен мұңдалап» жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын... Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей шырықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап оятамын деп,

ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын».

М.Әуезовтің айрықша құрметпен атап, көрсетіп отырғанындай, барша халқы «Ақаң» деп құрметтеген ұлы тұлға өзі жанын салып жүріп ашқан «Қазақ» газетіне бар махаббатын, күш-жігерін жұмсады, оның алдына қойған мақсат-мүддесі, арман-тілегі, ел-жұртына арнау-айтары осы газет беттерінен орын тапты. Сондай-ақ, мұнда өзімен мүдделес алаштың алдыңғы қатарлы қайраткерлері, жетекшілері Ә.Бөкейханұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, т.б. арыстарымыздың көкейтесті ойлары, мақалалары, сондай-ақ, көркем шығармалары, өлең-жырлары, әңгімелері жарияланып жатты. Оның нәтижесі қандай болып шыққанын сол кездің өзінде М.Әуезов тамаша жазып көрсеткені жоғарыда берілген.

Сөз қисынына қарай айтпай кетуге болмас, кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы аталып жатқанда, «бұл кісінің халық алдындағы ұланғайыр ғажайып еңбектеріне қалай көз жұмып қараймыз?» деп, сол мерейтойдың өтілуіне мұрындық болған да жас Мұхтар мен сол кездегі Қазақстанның оқу комиссары С.Сейфуллин болған екен. Бұл екеуі мерейтой иесінің қатты қарсылығына қарамай, ұйымдастырып, басшылық жасаған, екеуі де ұлы ғалымның еңбегіне арнап баяндама жазған. Бірақ, қаны қарсы біреулер бұларды жау қылып айдап салып отырған. Қайдағы жаулық? Заманы партияға бөліп жіктеп отырса да өзара өте тату болғандығы әлгі әрекеттерінен білінбей ме? Қазақтың дарынды ұлдарының, өкінішке орай, жаулары көп болып отыр. Замана кеңдігі болғанда бәрі де басқаша болары сөзсіз.

ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗЕКТІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Қоғамның талабына сай қолданыстағы заңнаманың өзгеріске ұшырап отыруы заңды процесс әрі өзекті мәселе. Себебі, қылмыстың артуы, ауыр зардаптардың жиі орын алуы, кінәлілердің жауаптылығының жеткіліксіздігі секілді мәселелер реттелуі үшін, алдымен заңнамаға өзгерістер енгізуді қажет етеді.



Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI ҚРЗ ҚР заңымен қолданыстағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірқатары үшін жауаптылық қатаңдатылды.

Мысалы, мал ұрлығы ауыр зардаптарымен ерекшеленеді, одан басқа, қол сұғушылық нысанының қолжетімділігі мен дәлелдеудің күрделі процедурасы, басым жағдайда кінәлілерді әшкерелеуде қиындық туғызады. Онымен қоса, қылмыскерлерге жеткіліксіз жауаптылықтың көзделуі белгілі бір дәрежеде жазаланбаушылық көзқарас туындатты. Сондықтан болар жалпы қоғамның пікірі ескеріліп аталған қылмыстардың алдын алу мақсатында соңғы өзгерістермен мал ұрлығы үшін жауаптылық қатаңдатылды.

Енгізілген өзгерістерде мал ұрлығы арнайы баппен сараланды. Енді мал қораның, қаша-

ның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлығы үшін кінәлі адамға мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Осыған дейін бұл қылмыстар «ұрлық» ретінде сараланып келді және өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлық үшін мүлкі тәркіленіп, максималды жаза бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген еді. Бұл ауырлығы орташа қылмыстар санатына жататын, салдарынан кінәлі адамның жәбірленушімен татуласып, жауаптылықтан босатылу мүмкіндігі болды. Енді мұндай қылмыстар ауыр қылмыс болып саналады және жәбірленушімен татуласқанның өзінде сотталушы қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатпайды.

Одан басқа, Қылмыстық кодекстің 299-1-баппен толықтырылды, яғни «Есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау», ол үшін алты жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделді.

Көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқарушыларға қатысты қылмыстық жауаптылық қатаңдатылды.

Атап айтсақ, өзгерістерге дейін, көлік жүргізушісі масаң күйде болып, жол жүрісі қағидаларын бұзып, абайсызда адам денсаулығына қылмыстық залал (денсаулығына орташа не ауыр зиян, адам қазасы) келтірсе, оның әрекеттері ҚК-тің 345-бабымен сараланатын. Жүргізушінің масаң күйі жауаптылығын ауырататын мән-жай ретінде танылатын және мұндай қылмыстар абайсызда жасалған құқық бұзушылықтар ретінде қаралды.

Өзгерістерден кейін, Қылмыстық кодекс жаңа баппен толықтырылып, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы 345-1-баппен сараланатын болды. Енді бұл құқықбұзушылық әрекеттер ҚК-нің 22-бабының талаптарына сәйкес қасақана жасалған қылмыстар болып табылады. Қылмыстық әрекеті салдарынан абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне ұшыратса, арнайы құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза көзделеді.

Мұндай өзгерістерге қоғамдағы көлік жүргізумен, оның ішінде масаң күйде басқарумен байланысты құқық бұзушылықтардың азаймауы, орны толмас ауыр зардаптарға соқтыруы негіз болды. Масаң күйде көлік жүргізушілерге қатысты ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінің санкциясы біршама қатаңдатылды. Енді көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы ауырлығы орташа қылмыстар қатарына жатқyzылды. Ол үшін көлік жүргізу құқығынан өмір бойына айырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Бұрын аталған құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылық қатарында есептелді әрі кінәлілердің сот үкімінен кейін де құқық бұзушылықтарын жалғастыруы азаймады. Өзгерістерден кейін сот тәжірибесінде, мұндай қылмыстар үшін қоғамнан оқшаулап бас бостандығынан айыру жазасы кеңінен қолданылуда.

Жәбірленушінің жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстар үшін де жауаптылық кү-

шейді. Мысалы, өзгерістерге дейін, зорлау қылмысы үшін үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған болса, енді, бұл қылмыс үшін сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделді. Сонымен қатар, аталған ҚК-нің 120-бабы 3-2-бөлігінің 1), 2) тармақтарымен толықтырылып, оған сәйкес екі және одан көп кәмелетке толмаған адамдарға қатысты жасалса, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан жағдайда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жеті жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланатын болды.

Сонымен қатар, қоғамда құқық бұзушылықтың қылмыстылық сипатының жойылуы немесе жауаптылықтың туындауын қажет етпейтін оқиғалар да орын алып жатады. Соңғы өзгерістермен, қылмыс үшін жауаптылықтың қатаңдатылуымен қатар бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін ізгілендіру де орын алды. Оның бірі ретінде, ҚК-тің 68-бабына сәйкес, сотталушының жәбірленушімен татуласуы арқылы жауаптылықтан босатылу негіздері көрініс тапты.

ҚК-нің 68-бабының 4-бөлігінің 3) тармағына сәйкес, абайсызда жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) өліміне алып келген жол-көлік оқиғасын жасау жағдайына байланысты қылмыстар үшін кінәлі тұлғаның жауаптылықтан босатылуы қарастырылды. Бұл норма өте орынды, себебі, тәжірибеде, көлік құралын тізгендей алмай, жолдан шығып кету немесе аударылуы салдарынан жақындары қаза табатын жағдайлар кездеседі. Бұлар негізінен абайсызда жасалатын қылмыстар, көлік жүргізушісі жақын туыстарынан айырылады, сондықтан оған қатысты жауаптылықтан босату мүмкіндігінің қарастырылғаны негізді. Себебі, өзгерістерге дейін айтылған норма қазаға ұшыратумен байланысты емес жағдайларда ғана қолданылатын.

Аталған өзгерістер қоғамдағы қылмыстылықты азайтуға, алдын алуға, әлеуметтік әділеттілікті қалыптастыруға бағытталған.

А.БАЛМҰХАНОВ,

**Хромтау аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы:

«ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ БОЛУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ»

– Қазақстан соттарының арнайы күнін бекіту туралы бастаманы алғашқылардың бірі болып көтергеніңізді және бұл тұрғыдағы ой-пікіріңізді баспасөз беттерінде бүкпесіз әрі жиі жариялағаныңызды көзіқарақты оқырмандар мен әріптестеріңіз жақсы біледі. Өзіңіз үлес қосқан игі бастама жүзеге асты, қандай сезімдесіз?

– Судьяның мәртебесі қашан да биік. Сондықтан, сот қызметкерлерінің арнайы мерекесі керек. Бұл туралы ұсынысым әріптестерім тарапынан қызу қолдау тапты. Олар әлеуметтік желілер мен ақпараттық порталдарда оң көзқарастарын білдірді.

Мен осы салада еңбек еткен 30 жылға жуық уақыт ішінде сот ісінің көптеген кәсіби майталандарымен қызметтес болдым. Олар әрбір істің ақ-қарасын анықтап, әділдікті орнатуда, яғни, сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз етуде ішкен астарын жерге қоятын нағыз судьялар болатын. Біз сондай абыз аға-апаларымыздың ізбасарларымыз. Өнегелі істерімен үлгі бола білген судьялардың біразы кәсіби мерекенің ресми түрде бекітілгенін көре алмай кетті.

Өзге кәсіп иелері секілді судьялар мен сот қызметкерлерінің де кәсіби мерекесін атап



өту ол кісілердің үлкен арманы болғанын жақсы білеміз. Сол себепті, Қазақстан соттарының арнайы күнінің бекітілуіне кішкентай болса да үлесімді қосу, яғни, аға ұрпақ арманының орындалуына атсалысу тек



мені емес, барша судьялар қауымын мақтаныш сезіміне бөлегені анық.

– Кәсіби мерекені жоғары деңгейде атап өтуде қандай шаралардың атқарылғаны жөн деп ойлайсыз? Мысалы, кез келген кәсіби мерекенің жүйе қызметкерлерін марапаттау аясында ғана шектелетіні жасырын емес. Бәлкім, атаулы күнді бұдан да кең ауқымда ұйымдастыру керек шығар?

– Жалпы, билердің мақсаты ежелден дүйім елдің атынан шешім шығарып, қандай да бір дауды ушықтырмай шешу, сол арқылы елдің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болған. Бұл міндеттерін қазақ билері әрқашан да адал атқарып, халық сеніміне ие бола білген. Қазіргінің қазыла-

ры да дара билердің жалғасы, сондықтан, оны жалпыхалықтық мейрамға айналдырудың қажеті шамалы.

Мереке иелері әр аймақта тәрбиелік мәні бар іс-шаралар мен спорттық ойындар мен ашық есік күндерін, т.б. ұйымдастырып, оларға халық өкілдерін тартуға, сол арқылы жұртшылық пен соттар арасындағы байланысты одан әрі нығайтудың артықтығы жоқ. Осы тұрғыдан келгенде кәсіби мерекенің маңызы орасан.

– Мейрам атаулының жас ұрпақ тәрбиесінде қаншалықты мән-маңызы бар деп ойлайсыз?

– Мерекелік күндер жайдан-жай белгіленбейді. Әрбір атаулы күн тәуелсіз мемлекеттің тұғырын нығайтып, халықтың

бірлігін, татулығын, тыныштығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Жас ұрпаққа келер болсақ, бабаларымыз барлық уақытта балаларының болашағын ойлап, олардың тәрбиесіне баса мән берген. Бұл қасиет ғасырдан-ғасырға жалғасып келеді. Мысалы, халқымыз үшін ұрпақ қанының тазалығы, яғни, жеті атаға толмай қыз алыспау ең бірінші құндылық саналады. Сол сияқты тәуелсіз елімізде де әрбір игі іс ертеңімізді көркейтуге бағытталады.

Өз басым жас ұрпақтың өмірлік мамандығын таңдауда кәсіби мерекелердің берері көп деп ойлаймын. Өйткені, балаларымыз мереке күні сол мамандық туралы жан-жақты мағлұмат алып, оның қыр-сырынан толық хабардар болады.

Менің ойымша, кәсіби мереке сол мамандық иесі үшін оның туған күнімен пара-пар саналады. Өйткені, мамандыққа да, мамандық иесіне де айрықша көңіл бөлініп, оның қоғамдағы орны анық байқалады. Тарих беттеріне үңілсек, қазақ халқының өзіне тән сот билігі атам заманнан болғанымен, бірақ, оның нақты қай күні пайда болғаны белгісіз.

Жаңа Қазақстанда бұл олқылық қалпына келтірілді, яғни, Үкімет қаулысымен кәсіби мереке күнтізбеге енді. Бұған әріптестеріміз түгел қуануда. Өйткені, бұл біздің еліміз үшін тарихи күн саналады.

– Кәсіби мереке еңбекті бағалау немесе мәртебені арттырудың бір тетігі ме әлде басқа да құндылықтары бар ма?

– «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заң мемлекеттік, ұлттық, кәсіби мерекенің аражігін заңдық тұрғыда ажыратып беруімен құнды. Мысалы, ұлттық мерекелер Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленсе, мемлекеттік мерекелер қоғамдық-саяси мәні бар оқиғаларға арналады.

Судьялардың кәсіби мерекесінің белгіленуі – сот алаңындағы мамандарды мемлекеттік деңгейде мойындаудың, еңбекті бағалаудың бір түрі ретінде қабылдауға да

болады. Дегенмен, бабаларымыздың «еңбегің жансын» деген мағыналы батасы мен «Би бол, би болмасаң да – би түсетін үй бол» деген өсиеті бекер айтылмаған.

Олар осынау дана сөздерімен сот төрелігін атқарушыларға әрқашан да қатаң талап қоя білді. Сондай қатаң талап үдесінен шығып, өз қызметтерін адал атқарып әділ сот билігін қамтамасыз етіп жүрген судьялар марапатты қажет етпейді де. Өйткені, әділ төрелік ету әрбір судьяның міндеті.

Судья даулы істердің соңғы нүктесін әділ қойғанда, яғни, өз қызметін адал атқарғанда ғана шын мәніндегі абырой-беделге ие болады. Еңбектің бағасын халық барлық уақытта береді. Сондықтан, бұл күні марапаттау рәсімдерімен ғана шектеліп қалмай, жалпы жүйенің мәртебесін арттыратын істерге мән берген жөн сияқты.

Судьяларды ынталандырып, еңбегін көрсету сот имиджін көтеру тетіктерінің бірі екенін ескерсек, бұл ретте ұйымдастыратын шаралар жетерлік. Мысалы, соттар жұмысына, судьялық қызметке, т.б. арналған шығармаларға бұқаралық ақпарат құралдарында байқаулар жариялауға болады. Бұлар өз кезегінде саланың да, судьяның да мәртебесін бүгінгіден бетер асқақтатады. Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан соттарының төл мерекесі тек сот қызметкерлері үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін тарихи күн. Кәсіби мерекенің басты құндылығы да осында.

Адал еңбегімен мемлекеттің өркендеуіне, елдің дамуына үлес қосып жүрген кез келген кәсіп иесі марапатқа да, құрметке де лайық. Мәселен, Үкімет төрелік алаңында тынбай еңбек етіп жүрген судьялар мен мамандарға деген ерекше құрметін кәсіби мерекені күнтізбеге енгізуімен көрсетті. Сол құрметке лайықты болып, сенімді ақтай алу әрбір судьяның Отан алдындағы абыройлы борышы.

– Ой-пікіріңізге рақмет.

**Әңгімелескен
Т.ИБАШЕВА**

ӨЗ ІСІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жолында қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан жандардың бірі – ҚР Заңгерлер одағының мүшесі **Ақбала ТОҒЫСОВА.**



Саналы ғұмырын бір салаға арнап, 40 жыл аудандық сотта абыройлы еңбек еткен ол, 1959 жылы Шәменов ауылында дүниеге келген. Ауылдағы №34 орта мектепті бітірген соң Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан индустриалды педагогикалық тех-

никумынан оқу шебері мамандығын алып шықты. Алғашқы еңбек жолын заң саласында бастауды жөн санаған Ақбала Қалмаханқызы 1978 жылы аудандық сотта жетекші маман болып жұмысқа орналасты. Өз мамандығын сүйген ол кейін Алматы қала-

сындағы Каспий қоғамдық заң университетінің құқықтану факультетін бітіріп, заңгер мамандығын алып шықты.

Аудандық сотта жүріп өзінің ынта-жігері мен қарым-қабілетін көрсете білген жас маманды басшылық сот отырысының хатшысы етіп тағайындады. Ол кезде бүгінгідей компьютер қайдан болсын, барлығын терім машинкасымен, одан қалса қолмен жазып шығатын. Осынау дәуірде сот саласының қайнаған тіршілігіне араласқан Ақбала Қалмаханқызы барлық хаттаманы, соттың шешімін, соттың отырысына қатысушы барлық адамдардың өтініштерін, қарсылықтарын, жауаптарын, түсініктемелерін уақытылы әрі сауатты жазып шығатын.

«Қызметімнің ең қиын тұстары кеңестік кезеңде өтті. Неге десеңіз, сотта болған мән-жайды, үкімді, барлығын қолмен жазды. Бұл қыруар уақытты қажет етеді. Мәселен, күніне бір ғана сот отырысы болса жақсы ғой, кейде процесс көбейіп кетеді. Сот тарихынан белгілі, бұрын қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бір қазанда қайнап, соттар істің барлық түрін қарай беретін. Оның бәрін қарау, жан-жақты сараптау, заң талабына сәйкес шешім шығару қиындық тудыратын. Кейін сот саласы жетілдіріліп, мамандандырылған соттар құрылды. Сол кезеңде уақытпен санаспай, жұмыс жасадық. Көп жылғы тәжірибемнен түсінгенім, әрбір маман өз қызметіне аса ұқыптылықпен қарап, жанашырлықпен жұмыс жасаса, кез келген саланың дамуы жеделдейді. Сондықтан, қазіргі жастар қай салада еңбек етсе де ең бастысы жауапкершіліктен қашпауы керек», – дейді сот саласының ардагері.

Білікті маман кейін 1986–1995 жылдары бас маман-сот отырысының хатшысы, 1995–1998 жылдары бас маман-сот орындаушысы, 1998–2002 жылдары бас маман-сот

отырысының хатшысы болады. Кейін бас маман қызметін атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қолға алған бұл қызметті де ұршықтай иіріп, қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз етуге еңбек сіңірді. Сот саласы түгелдей қайта жаңғырған кезеңде де бар күш қайратын саланың дамуына жұмсады.

Кеңестік дәуірдері сот жүйесін көзбен көріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот саласының жетілуіне сүбелі үлес қосқан ардагер 2018 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Бала кезінен заң саласында жұмыс жасауды армандаған Ақбала Қалмаханқызы өзінің алға қойған мақсаты орындалғанын айтып марқаяды. Бүгінгі таңда, жастарға ақыл кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүр. Өңірде беделі салмақты ардагерлерден құралған билер кеңесінің мүшесі ретінде ол қазіргі кезде азаматтақ даулардың сотқа дейін шешілуіне, ел бірлігін нығайтуға атсалысып келеді.

Сот саласындағы ұзақ жылдар бойғы абыройлы еңбегі еленіп, «Мінсіз қызметі үшін», «Сот жүйесінің ардагері» медалін кеудесіне тақты. Қызылорда облыстық сот төрағасының, Қызылорда облысы әкімінің, Жалағаш ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл ширек ғасырдан астам ғұмырын Сот жүйесінің өркендеуіне арнаған ардагердің еселі еңбегінің еленгені деп білеміз.

Бүгінде ұлы Сақи Ғалым анасының ізін жалғап, сот отырысының хатшысы қызметінде. Жас болса да іскерлік қабілетін көрсетіп, жауапты саланы абыроймен атқарып келеді.

Аян АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
Қызылорда облыстық судьялар
одағының мүшесі

ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЕЛ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы наурыз айында «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында; Конституцияның ең жоғары заңдық күші барын, Ата Заңымыз еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі екенін, елімізде Конституциялық сот құрылатынын, өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржолата бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу керектігін, құқыққорғау мәселелерін үнемі жетілдіріп отыру қажет екенін, барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін еместігін, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қолсұқпауларына кепілдік берілетінін, алқабилер қарауына берілетін істердің саны кеңейетінін, бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік беретінін айтқан болатын.



М.НАҒАШЫБАЕВ,
Атырау қаласы
№ 2 сотының төрағасы

Тарихқа көз жүгіртсек, Ата Заңның қайнар көзі, түп тамыры сонау ғасырлар қойнауындағы «Есім ханның – ескі жолы», «Қасым

ханның – қасқа жолы», Әз-Тәукенің – «Жеті Жарғысынан», яғни, дәстүрлі құқық бастаулары ретінде танылатын осы негізгі үш

дала «конституциясынан» бастау алатынын білеміз.

Осыдан 31 жыл бұрын, яғни, 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, Қазақстан Республикасы деген жаңа мемлекет пайда болып, ежелден еркіндік аңсаған барша қазақ халқының армандаған ең асыл мұраты орындалып, тәуелсіз елдің іргетасы қаланып, оны нығайту қолға алынды десек қателеспейміз.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Конституциясын қабылдағаны баршамызға мәлім. Бұл Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары, оларды жүзеге асыру принциптері, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметтері, 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы декларацияда айтылған биліктің үш саласы: басқару, сот билігі, заң шығару биліктерінің әрқайсысының атқаратын рөлі көрсетілмей қалды.

Осылайша, 1993 жылы қабылданған Конституция өмір талабына сай келмегендіктен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Назарбаев қайтадан жаңа Конституция қабылдау керектігі туралы ұсыныс жасады.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заң ел дамуының одан кейінгі бағытын айқындап берді.

Қабылданған Ата Заңның алғашқы бетіне: Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз деген ұран жазылған.

Осы Конституцияның Қазақстан аумағында қолданылған бұрынғы (1924, 1936, 1978, 1993 ж.ж.) Конституциялардан артықшылығы:

- біріншіден, заң шығарушы, атқарушы, сот билігін белгілеп, олардың құзыретін, жұмыс істеу тетігін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап берді;

- екіншіден, өкімет билігінің аталған тармақтарға бөлінуі мемлекеттің лауазымды адамдардың, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол бермеуін;

- үшіншіден, бұл Конституцияда құқықпен жауапкершілік ұғымдары пара-пар көрсетілген. Осы Конституцияда бұрынғы Конституцияларда шешімін таппаған мемлекеттердің мәні, жер, тіл, азаматтық, Парламенттің қос палаталы жүйесі, Президенттің құзыры, сот төрелігінің қызметі сияқты күрделі мәселелер заңдылық тұрғысынан өз шешімін тапты.

Егемендіктің алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіленді.

Қазақстандық сот жүйесін халықаралық негізгі құқықтық үлгілер мен нормаларға сәйкестендіру сот-құқықтық реформасының аса маңызды мақсаттарының бірі. 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің өте маңызды тұғыры болды.

Атап айтқанда, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленді, соттар бір жүйеге біріктіріліп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің оңтайлы және тиімді негізі қаланды.

Судьялардың әлеуметтік жағдайы қарастырылып, материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Конституциялық заң сот құзыретінің шегін айқындап, судьялар сот төрелігін жүзеге асырған кезде тек заңға ғана емес, әділеттілік, моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенетін болды.

«Азаматтарымыздың құқығы бұзылмайды» деген тақырыппен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар» телеарнасына берген сұхбатында, Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес, Реформалар ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз» – деп нақты айтқан болатын.

Осы жерде айтар болсақ, сот жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер халықтың сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, яғни, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті. Сот жүйесінің басты мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыру. Сондықтан сот жүйесін одан әрі жетілдірудегі басым бағыттардың бірі – соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасында екіжақты байланысты қалыптастыру болып табылатыны анық деп айтсақ артық болмас еді.

Республикада Жоғарғы Сот бас болып, бірегей соттық жүйе құрылып, біркелкі соттық тәжірибе орнатылып, бірегей кадрлық саясат жүргізілуде. Сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер болып республикада үш буынды сот жұмыс жасап келеді.

Үкімет «Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына толықтырулар енгізі туралы» қаулы жобасын мақұлдап, 24 маусымды биыл бірінші рет атап өтілетін жаңа кәсіби мереке Судья және сот қызметкерлері күнімен толықтырды. Бұл туралы қуанышты хабар жеткенде, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының төрағасы Ж.Асанов әріптестеріне жолдаған құттықтау хатында:

– Бұл күн кездейсоқ таңдалған жоқ.

1992 жылы 24 маусымда егемендік алғаннан кейін «Қазақ ҚСР-нің сот жүйесі туралы» заңына алғашқы түзетулер енгізілген заң қабылданды. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, облыстық, қалалық және аудандық соттардың, сондай-ақ, жаңадан құрылған әскери соттардың сот төрелігін жүзеге асыруын қамтамасыз етті.

Ол қабылданғаннан бері 30 жыл ішінде сот жүйесін реформалау мен жаңғыртудың бірнеше кезеңінен өтті. Бүгінде өздеріңізбен бірге үздік әлемдік стандарттарға сай заманауи сот жүйесін қалыптастыру үдерісіне үлесімізді қосудамыз.

2019 жылдан бері 35 заң әзірленді. Оның 30-ы жұмыс істеп тұр. Жаңа заңдар адамдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін лауазымды тұлғалардың теріс қылықтарынан қорғауды күшейтті, сот төрелігі мен сот қызметкерлерінің сапасын арттыруға жағдай жасады, сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігін нығайтты.

Біз сот қызметтерін тұтынушыларға арналған сервисті дамыту, сот төрелігіне қолжетімділікті жеңілдету, оны цифрландыру және роботтандыру, қызметкерлеріміздің әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Біз алдымызда сот жүйесінің беделін нығайту, оған халықтың сенімін арттыру бойынша әлі де көп міндеттер тұр.

Биылғы жылдан бастап атап өтілетін – Судья және сот қызметкерлері күні олардың табысты жүзеге асуына тың серпін беретініне сенімдімін деп атап көрсеткен болатын.

Осыған орай, қазір сот жүйесі қоғамның тұрақты, сенімді құқықтық кепілдігіне айналды, тәуелсіз сот ел тірегі бола алады деп айтуға толық мүмкіндік бар.

Республиканың сот жүйесі осы жылдар аралығында құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басуда.

ТАТУЛАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТУДЕ

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізіліп, Президент Жарлығы негізінде жаңа әкімшілік соттар өз жұмысын бастады. Әкімшілік әділет құрылымын енгізудегі басты мақсат – жария-құқықтық дауларда азаматтар мен мемлекеттік аппарат ресурстарының теңсіздігін болдырмау, әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытында шешу.



Жаңа заңға енгізілген басым жаңашылдықтардың бірі ретінде туындаған жария-құқықтық дауларда татуластыру рәсімдерінің көзделгенін атап өтуге болады. Заң шеңберінде дауларды шешудің баламалы тәсілдері ретінде медиативтік, партисипативтік және татуласу келісімдері қарастырылған. Татуластыру рәсімдерінің барлығы дерлік азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдап, оларға дауды процестің барлық сатысында, яғни, сот шешім қабылдағанға дейін бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдеседі.

Бұдан бұрын жария-құқықтық қатынастардан туындаған даулар бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану мүмкіндігі заң нормаларымен қарастырылмаған. Себебі,

аталмыш даулар бұрын Азаматтық процестік кодекстің 29-тарауы негізінде, ерекше өндіріспен қаралатын, яғни мемлекеттік органдардың қатысумен қаралатын даулар сотта ортақ бітімге келу жолымен шешілуге жатпайтын.

Бұған дейін сотта мемлекеттік органдарға қарсы талап бойынша талапкер өз шағымын дәлелдеуге тиісті болса, енді жаңа заң аясында жауапкер – мемлекеттік органдар өз уәждерін дәлелдеуге тиіс. Сонымен қатар, сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін және шешімінің

орындалуы бақыланып, уақытында орындалмағаны үшін тиісті мемлекеттік органның басшысына айыппұл салуға құқылы. Заңнамаға енгізілген бұл өзгерістер мемлекеттік органдардың татуласу рәсімдерін қолдануға оң ықпалын тигізуде.

Жоғарыда атап айтылғандай, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің басымдылығы әкімшілік істер бойынша татуластыру рәсімдерін қолдануда болып отыр. Кодекстің 120-бабында татуластыру рәсімдерінің ережелері бекітілген: тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Бұл ретте әкімшілік қалау деген жаңа ұғым әкімшілік органның, лауазымды адамның заң аясында ықтимал шешімдердің бірін қабылдау дегенді білдіреді, яғни, кодекстің 11 бабы негізінде әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті.

Әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік актіні қабылдау және әкімшілік әрекетті жасау (әрекетсіздік таныту) осы өкілеттіктің мақсаттарына сәйкес келуге тиіс. Сондай-ақ, әкімшілік рәсімдегі маңызды қағидаттың бірі – соттың белсенді рөлін атап айтуға болады. Кодекстің 16-бабында көзделгендей сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Мемлекеттік органдардың қатысумен дауларды татуласу рәсімдерін қолдану

арқылы реттеу барысында бітімгер судья соттың белсенді рөлін назарға алып, өзінің алдын-ала құқықтық пікірін білдіре отырып және дауды бітімгершілікпен шешу тараптардың уақытының, материалдық шығындардың үнемделуіне, татуласудың басқа да артықшылықтарымен бірге талап қою қанағаттандырылған жағдайда жауапкерге туындайтын жағымсыз салдар жайында да түсіндіреді.

Енді статистикалық деректерге сүйенсек, татуласу рәсімдерімен аяқталған әкімшілік істер санының артқанын көруге болады.

2022 жылдың 1 тоқсанында Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған әкімшілік сотына 1220 талап қою арызы жолданса, соның 145-і татуласу рәсімін қолданумен аяқталған, яғни жалпы сотқа түскен арыздың 32 пайызын құрайды және бұл өте жақсы көрсеткіш деп атап айтуға болады.

Әкімшілік істер санатына келетін болсақ – сот орындаушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), тұрғын үй, мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар да жатады.

Дана халқымыздың: «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді», «Жері азған елде тоқшылық болмайды, ері ынтымақты елде жоқшылық болмайды» – деген қанатты сөздерімен ерте заманнан қазақ билері бір ауыз сөзімен небір шытырман даудың дұрыс шешімін тауып, елді ынтымаққа, үш жүздің бірлігін сақтауға шақырған.

Иә, халқымыз ежелден жер дауы, жесір дауы сияқты көптеген әділ шешімдерді қажет ететін жағдайларда аса ептілікпен, даналықпен, көрегендікпен қарап, әділ шешім қабылдап отырған.

Бүгінгі таңда сот өкілдерінің алдына қойған басты мақсаты сол баяғыдай, өз қарауымен құзырындағы әрбір істі заңда көрсетілген мерзімде жоғары кәсіби біліктілікпен қарап, тек әділ де заңды шешім қабылдаумен қатар татуласу рәсімдерін қолдана отырып, қоғамда бейбіт қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету.

Сәуле ҚАБИДОЛДИНА,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

МЕДИАЦИЯ РӘСІМДЕРІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Татуластырушы судья» ұғымы азаматтық процестегі жаңа ұғым. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын енгізу, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның қабылдануына байланысты Алматы қаласының аудандық және оған теңестірілген соттары мен Алматы қалалық сотында қалалық сот төрағасының өкімі негізінде татуластырушы судьялар бекітіліп, өз жұмысын бастады.



**Т.ДЮСЕМБЕКОВА,
Алматы қаласының кәмелетке
толмағандар істері бойынша
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы**

Азаматтық іс жүргізудегі бұл жаңа іс жүргізу фигурасы соттың тараптарды татуластыруға белсенділігін арттырады және оның қызметі белгіленген іс жүргізу нор-

малары бойынша дауды кәсіби шешуді қамтиды.

Татуластырушы судьяның басты міндеті – дауласқан тараптарды ақылға қонымды

және өзара тиімді шешімге келуге көмектесу. Мұндай институт сот рәсімдеріне жұмсалатын шығындарды және соттардың жүктемесін азайту үшін енгізілді.

Талап арызды қабылдау сатысында арыз келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде татуластыру рәсімдерін жүргізу заң жүзінде бекітілді. Татуластыру рәсімдерін жүргізу нәтижелері туралы талап арызды қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы сот ұйғарымында көрсетіледі.

Талап арызды қабылдау кезінде татуластыру рәсімдерін судья АПК-нің 17-тарауында көзделген қағидалар бойынша жүргізеді. Медиацияны жүргізетін судья медиацияны өткізетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Медиацияны судья «Медиация туралы» заңға сәйкес және АПК-де белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізеді.

Осылайша, татуластырушы судья қалыптасқан жағдайды объективті бағалап, жанжалға қатысушылармен және басқа адамдармен келіссөздер жүргізе алады. Сондай-ақ, істің материалдары мен құжаттарын зерделеп, дауды аяқтау және іскерлік қатынастарды сақтау үшін іс-әрекеттер бойынша ұсыныстар береді. Яғни, іс жүзінде дау тараптарына оны шешу бойынша ұсыныстар әзірлеуге көмектеседі.

Даулы мәселені сот қабырғасында шешуге болады, бұл ретте оны сот шешімі қабылданғанға дейін жеткізу міндетті емес. Даудың мұндай нәтижесі оның қатысушылары үшін алдымен жақсы қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді, уақыт пен моральдық күшті үнемдейді. Сонымен қатар, осы шараларды қолдау үшін заң шығарушы мемлекеттік бажды қайтару мүмкіндігін қарастырған, бұл азаматтарға оны төлеуге, өкілдер мен адвокаттардың қызметтеріне ақы төлеу және басқа да шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Мұндай татуластыру рәсімдеріне қатысушының нәтижесі тараптардың нәтижелі ымыраға қол жеткізуі, істерді қарау мерзімдерін қысқартуы күтіледі, ең бастысы, тарап-

тар бір-бірін түсіне бастайды және бірлесіп қиын жағдайдан шығудың жолын табады деп ойлаймыз.

Атап кететін жәйт, әлемді дүркіреткен коронавирустық пандемия біздің де елімізді айналып кеткен жоқ. Бұл жағдай жалпы қоғамдағы және сот төрелігіндегі өзгерістердің өзіндік қозғаушы күші болды. Алайда, төтенше жағдайға қарамастан соттардың жұмысы тоқтаған жоқ. Сондықтан, сот билігі адам құқығы мен процестің барлық қатысушыларының денсаулығын сақтау туралы шешім табуға тырысты.

Сот төрелігінің қолжетімділігі, жоғары сервис, азаматтарға және олардың құқықтарына құрметпен қарау басты орынға қойылды.

Қазақстанның Жоғарғы Соты кезек күттірмейтін істерден бөлек істерді қарауды кейінге қалдыруға не отырыстарды қашықтықтан өткізуге кеңес берді. Соттар барлық сот отырыстарының 96 пайызын онлайн режимге аударды. Қашықтан өткізу форматының күндізгі кездесуден айырмашылығы – бұл процеске қатысу үшін гаджеттерді қолдану әдісі. Қалғанының бәрі күнделікті өтетін сот отырысына ұқсас. Атап айтқанда, онлайн-процестер сот отырысының электрондық хаттамасында да тіркеледі.

Технология Қазақстан соттарында бұған дейін де қолданылған, бірақ, дәл осы жағдай соттарды істерді онлайн-режимде қарауды күрт арттыруға мәжбүр етті.

Әрине, онлайн режимде іс қарау барысында олқылықтар да жоқ емес, мысалы, байланыстың жоғалуы, кескіндердің бұрмалануы, дауыстық ағынның кешігуі және басқа да қиындықтар бар. Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне байланыс арналарының өткізу қабілетін екі есе ұлғайту туралы өтініш жолданғаны мәлім. Бұл бар техникалық қиындықтарды азайтуға көмектеседі деген ойдамыз.

Соттардағы татуластыру шаралары электронды түрде жүргізуде де оң нәтижесін беруде.

СУДЬЯ – ӘДІЛДІК ҚОРҒАНЫ

Білмеген адамға судьяның жұмысы беделді, шексіз құрметке ие мамандық секілді көрінуі мүмкін. Алайда, сот қызметінің қазанында қайнап жүрген адам үшін бұл мамандықтың салмағы қаншалықты ауыр екені белгілі.



Зарема ХАМИДУЛЛИНА,
Атырау облысы қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының төрағасы

Жер бетіндегі санмың мамандықтың өз қиындығы бар, соның ішінде жанның арасашысы дәрігер мен тағдырдың арасашысы судья қызметінің орны тіпті бөлек.

Шәкәрім атамыз дүниетаным мәселесін-

де адамды тек қана өз тағдырымның алдында жауаптымын демей, барлық адамзат тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Оның бір ғана «ар ілімі» бүкіл адамзатқа ортақ мүддені

қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымға лайық болуға үндейді. Судья болу үйреніп алатын мамандық емес, ол адалдыққа қанығып өсумен қатар өзіңді күн сайын ар сотына салып, әр ісінді сараптай отырып даму, жетілу, адам тағдырына әділетті үкім айтуға өзіңді тәрбиелеу.

Қазіргі қоғамда судьяның рөліне қатысты түрлі көзқарас бар. Бірі биліктің бұл тармағын сонау бағзы заманнан тамыр тартатын билер дәстүрінің жалғасы десе, енді бірі – тәуелсіздігіміздің басты тұғыры деп жатады.

Сындарлы сын мен шатпағы көп шағымдар да біздің сот жүйесінің бүгінгі келбетін айналып өтпейді. Бұл әдетте қалыпты құбылыс деп қабылданады. Себебі, соттың алдына келетін қос тараптың бірі жеңіске жетсе, екіншісі шыққан шешімге қанағаттана бермейді.

Қазіргі сот жүйесінің мақсаты – даудан ұтылғанды да сот шешіміне риза етуге негізделеді. Ебедейсіз естілгенімен мұның артында пайдасы зор тағылым жатыр. Қазір соттар бір тарапты бір тараптың алдына жығып беруге емес, керісінше қос тарапты ортақ ымыраға келтіре отырып, қоғамдағы бірліктің артуына ықпал етеді.

Қазақ тарихында би болып дау шешу тек ер азаматтардың еншісінде болған кәсіп дейтіндер бар. Бірақ тарихқа үңілсеңіз, Ұлы дала төсіндегі еркіндікті аңсаған ата-бабаларымыздың тарихнамасында қаншама аналарымыз ел билігін қолына алып, халықтың тағдырын шешуге септігін тигізіп, тіптен бір ұлтты жоғалып кетуден сақтап қалып отырған игі істерінің талайына куә боласыз.

Сонау сақ дәуірінен бастау алатын аналардың данасы Ұмай анадан бастап, тұтас-тай бір мемлекетті билеген Томирис, Зарина патшайымдарымыз, Домалақ ана мен Зере әжелеріміз, есімі руға айналған Қызай ана, ақылдылығымен аңызға айналған Қарашаш, ел басына күн туғанда қолына най-

за-қалқан алып жауға шапқан Бопай ханшалар сөзіміздің нақ мысалы.

Сол сияқты қазіргі сот жүйесінде де ерен еңбегімен үлгі боп жүрген әйел адамдар көп. Олардың Отаннан басқа, отбасылық міндеттері бар екенін ескерсек, мұндай жанкештілікке баратын қыздар қауымы ерекше құрметке лайық деп есептеймін. Мұндайда судьялық қызметтің биік шыңына шығып, әділет шырағын жағып жүрген майталман апаларымызды атап өтпеске болмайды. Бұл ретте Атырау облысы соттарында жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Тәтті Уәлиева, Мадина Байғарина, Гүлнар Қарабалина, Раиса Аққұлова, Гүлнар Хаженова, Жұлдыз Мадьярова, Айгүл Ташенова, Сандуғаш Сүлейменова, Гүлнар Нұржігітова, Сәуле Байменова секілді ардақты азаматшалардың ғұмыр-дариясына үлкен құрмет-қызығушылықпен қараймыз.

Осыдан 17 жыл бұрын сот табалдырығын жас маман болып аттағанда, осындай қазақтың қайсар қыздары өнегеме айналып, судья болуға деген жүрегімдегі батылдық шырағын жағуға бірден-бір себепші болып еді. 2016 жылы судья атанып, алғаш іс қарап қатты толқығаным кеше ғана сияқты. Бүгінде ондаған тағдырларға әділетті үкім айту күнделікті іске айналды.

Әйтсе де бір ұққаным, адамдардың түрлі трагедиясына ешқашан үйреншікті көзқараспен қарауға болмайды. Әр адамның тағдыры әртүрлі.

Қазір әділ сот төрелігі үшін бар жағдай жасалған. Сот жүйесіндегі реформалардың нәтижесінде соттардың жұмысы жаңа сапалы, биік деңгейге көтерілді. Неғұрлым кәсіби, ашық, қолжетімді, сапалы және тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты, еліміздің кез келген азаматы заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа нық сеніммен жүгінуіне болатынын түсінді.

Тәуелсіз сот жүйесі бұдан кейін де жаңа сапаға көтеріліп, әділетті, ашық жүйе есебінде дами береді.

АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНДАРЫН ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп көрсетілген.



Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық терминдерден біраз түсінік беріп өтсек: «Адам саудасы» қанау мақсатында жүзеге асырылатын адамдарды азғырып-көндіруді, тасымалдауды, біреулерге беруді, жасыруды немесе күшпен қорқытуды, оны қолдануды немесе мәжбүрлеудің басқа түрлерін, ұрлауды, алаяқтықты, алдауды, билікті немесе жағдайдың осалдығын өрескел пайдалануды қолдану жолымен, не болмаса басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлем немесе тиімділік беру түрінде сатып алу жолымен алуды білдіреді.

Қанау кем дегенде басқа адамдардың жезөкшелігін қанауды немесе сексуалдық қанаудың басқа нысандарын, мәжбүрлі еңбекті немесе қызмет көрсетуді, құлдықты немесе құлдыққа ұқсас әдет-ғұрыптарды, еріксіздік жағдайын немесе ағзасын алып қоюды қамтиды. «Адам саудасының құрбандары» – адамды саудаға салу қылмысының құрбаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (2014 жылғы 3 шілдедегі редакциясында) адамдар трафигі мен оған

ілеспелі қылмыстарға қылмыстық жауапкершілікті көздейтін 116-бапта «Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою», 125-бапта «Адамды ұрлау», 125-бап 3-бөлімінің 2-тармағы «ұрланған адамды қанау мақсатында жасалса», 128-бап бойынша «Адам саудасы», 135-бапта «Кәмелетке толмағандар саудасы», 308-бапта «Жезөкшелікпен айналысуға тарту», 309-бапта «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық» секілді заң бұзушылықтар жасаған адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

«Жәбірленуші» түсінігіне жалпылама түрде Қылмыстық-процестік кодексте анықтама беріледі. Қылмыстық-процестік кодекстің 71-бабына орай, қылмыстық процесте оған қатысты тікелей қылмыс арқылы моральдық, тәндік немесе мүлктік зиян келтірілген деуге негіз бар тұлға жәбірленуші деп танылады.

Адам саудасы жоғары латенттік қылмыстарға жатады. Қылмыстың осы түрін анықтаудағы негізгі проблема адам саудасының құр-

бандарын сәйкестендіру болып табылады, яғни жәбірленушілерді анықтау. Бұл көптеген жағдайларда үшінші тұлғалардың хабарламаларының арқасында немесе жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу жолымен іске асырылады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түрлерінің латенттілігінің (жасырын) жоғары болуымен байланысты.

Бұл қылмыстың осы түрлерін ашу ерекшелігімен байланысты. Көп жағдайда жәбірленушілер құқық қорғау органдарына өз бетінше жүгіну мүмкіндігінен айырылады, олар күштеп ұсталып, зорлық-зомбылыққа, қауіп-қатерлерге ұшырайды, қашқан жағдайда қатыгездікпен жазаланады.

Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Қазақстанның Жоғарғы Соты жүйелі негізде қаралған істерді талдау мен қорытуды жүргізеді. 2012 жылғы 29 желтоқсанда Республика ратификациялаған заңдары мен халықаралық шарттардың дұрыс және біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында «Адам саудасы үшін жауапкершілікті белгілейтін заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Жоғарғы Сотының №7 нормативтік қаулысы қабылданды, онда сот практикасы мәселелері өз көрінісін тапты.

Адам саудасы саласындағы қылмыстар бойынша негізгі дәлелдемелердің бірі жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу болып табылады. Осыған байланысты жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне жәбірленуші мен куәнің айғақтарын қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатысында айғақтарды сақтауға қою сияқты іс жүргізу әрекеттерін енгізу уақыты болып табылады.

Ол тергеу судьясы іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында алған, куәнің сотқа келуі мүмкін болмаған жағдайда, одан әрі істі сотта қарау барысында пайдаланылуы мүмкін жәбірленуші мен куәнің айғақтарын білдіреді.

Адам саудасы туралы істер бойынша сот тәжірибесінде жәбірленушіден жауап алу сотта үлкен қиындық тудырды, өйткені олардың көпшілігі басқа мемлекеттердің азаматтары бола отырып, істі сотта қарауға дейін кетіп қалады. Бұл кәмелетке толмаған жәбірленушілерге де қатысты, олардан бірнеше рет қайтара жауап алу, оларға психологиялық жарақат (басқа сөз болғаны жөн) келтіреді.

ҚР ҚПК-нің 217-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тергеу судьясы аталған адамдардан прокурордың, күдіктінің, оның адвокатының қатысуымен жауап алуды жүргізеді, процеске басқа қатысушылардың қатысуы да мүмкін. Егер күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндірсе, заң шығарушымен осы іс жүргізу әрекетін күдіктінің қатысуынсыз жүргізу қарастырылған.

Қылмыстық іс жүргізу заңымен мұндай адамнан құпиялылығын сақтай отырып, жауап алуды жүзеге асырудың көптеген мүмкіндіктері берілген. Мәселен, ҚПК-нің 217-бабының тәртібінде айғақтарды сақтауға қою кезінде сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тергеу судьясы қорғалатын адамның жеке басы туралы деректерді жария етпестен, ҚПК-нің 98-бабына сәйкес, қорғалатын адамды қалған қатысушылар үшін дауыс және сыртқы деректер бойынша тануды болдырмайтын жағдайларда, лақап аты пайдаланыла отырып, оны сот талқылауына қатысушылардың көзбе-көз бақылауынсыз, басқа да ҚПК-нің 213-бабына сәйкес техникалық құралдарды қолданып, жауап алуға құқылы.

Ең маңызды іс-шара ретінде осы мәселе туралы жұртшылықты хабардар етуді атап өту қажет, нәтижесінде мәселенің мәні танылуы, қоғамдық қолдау көрсетілуі тиіс. Осы мәселе бойынша жағдайды талдау аталған бағытта, әсіресе жастар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, мектептен және басқа оқу орындарынан бастап тәрбие жұмысының сапасын жақсартуды талап етеді.

Жәбірленушілерге, соның ішінде адам саудасы құрбандарына өтемақылардың арнайы қорынан өтемақы төлеу Қылмыстық процестік кодекстің жаңа редакциясында көзделген.

Аталған мәселенің өзектілігі жайлы ой қозғағанда, тек біздің елімізде ғана емес, бұл бүкіләлемдік ахуал екенін көрсетеді.

Еркебұлан НАУРЫЗХАН,
Нұр-Сұлтан қаласы
қылмыстық істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы-сот
отырсының хатшысы

ҰРЫ

Жедел уәкілдер жаппа-тармағай тартысып отыр. Іс насырға шапқандай, айнала у да шу. Аудандық полиция бөлімі бастығының жедел қылмыстық іздестіру жөніндегі орынбасарының түр-тұрпаты елең-алаңда атқа қонған хас батырдың болмысына ұқсап барады. Өңі бозарып кетіпті.


Мына текетірестің түйінін түсінбесең, жағдай қиын. Құдды «Алашағым кетсе де, айташағым кетпесін» дегеннің нақ өзі. Сондағы сойылмен соққандай сөзінің түрі:

– Не десең, о де! Мен күдіктіні мойындаймын. Қылмыс жасауда өте ептілік бар. Бір ұры бәрімізді әбігерге салып тұр!

Мұны мойындағысы келмегендер біресе мелшиіп, біресе ішінен бір күдік сыбырлап тұрғандай тепсініп қояды. Шені үлкенмен шекісіп қал-

мауға тырысқандар «қой-қоймен» арам тер болып, араша түсіп әлек. Әйткенмен, жұмыстың жайын жақсы білетіндер шеттеп тұр. Тек аға уәкіл шідерін үзген асау биедей икемге илікпей бұлқан-талқан. Бұл тартыс ұзаққа созылатын еді, жасы үлкені басу айтып, құрақтай иіле салды. Сонан соң Сәулет сабырға келді.

– Аузыңа келген сөзді қайта жұтуға болмайды, ол мәкүрік. Рас нәрсені, рас деу керек. Полиция – жұмысы көп, тынысы тар қызмет! Біз халыққа қамқор, қалқан болатын саланың адамымыз. Сондықтан жұмыстың жайы былай еді деп ақталудың реті жоқ.



Халықтан үстем ешкім болмайды. Сол халықтың сенімінен асқан абырой бар ма, бізге істің нәтижесі керек! – дегенде ешкім үндей қоймады. Өзара тартыстың соңы үнемі осылай үлкеннің тоқтамымен басылатын.

Сосын бірі:

– Қылмысқа тартылғандардың тізімін қайта қарап шықсақ қайтеді? – дейді әріптестеріне.

– Күдікті кісі бұрын істі болмаған адам шығар, – дейді екіншісі.

– Мүмкін ел ішінен жасырын тыңшы ұстап көрсек ше? – дейді үшіншісі үміт отын жаққандай. Күдікті – біреу, шешім шарта-

рапты кезіп жүр. Осыны білгендей бүгінгі басқосуды бәрібір аға уәкіл түйіндеді.

– Бос әңгімені қойыңдар. Күдіктіні ұстамай болмайды. Қылмысын мойындату үшін дәйекті айғақ керек, – деп Сәулет жеке-жеке тапсырма бере бастады.

* * *

Аудандық полиция бөлімінде бар-жоғы бес жедел уәкіл бар. Сол бесеу аудандағы қылмыстың тоқсан процентін ашады. Сөйте тұра, жұмысына лайық жақсы атақ жоқ. Күн сайын «ұлы айқай». Олай болатыны да бар. Бір түнде бірнеше қылмыс орын алып, соның салдары қылмыстың ашылу деңгейін күрт төмендетіп жібереді. Қайтсін енді, қылмыс еселене түседі, оны азайтуға қанша күш жұмсағанмен, нәтижесі қуанта қоймайды. Осылай қол қысқалық мұрша бермейді. Әйтпесе... олар мықты!

Рас, мал ұрлығы ушығып тұр. Жедел топ ұрының соңына түсіп, талай рет тосқауыл қойған. Іс сотқа барғанда тергеу тежеледі, іс іркіледі де қалады. Жәбірленуші жақ күдіктіні кешіріп, істер қысқарып жатады.

Дереу дабыл көтерілді. Өрістегі мал қолды болған. Екі күннен бері іздемеген жері, сұрастырмаған елі қалмаған. Көрдім-білдім деген біреу жоқ. Енді амалсыздан полицияның көмегіне жүгінуге келді.

Сәулет жағдайды ішінара сұрастырып көрді. Білгені – дария жағасындағы тоғайға жіберген. Содан кешкілік үйренген әдетінен жаңылып, бұзаулы сиыр үйге қайтпаған. Мына заманда мал түгілі адам да адасады, бейсауыт қыдырып жүріп қалады. Мүмкін бөтен табынға қосылып, біреудің қорасында қамалып тұр ма екен, кім білсін? Бұл жағы бұлдыр...

– Жағдайды бара көреміз. Із кесу керек шығар. Жақын маңдағы елден сұрастыру арқылы да біраз жәйтқа қанығуға болады, – деп Сәулет шұғыл шаруаның шет-жағасын жедел жеткізді.

Көлік ішінде көңіл шіркін шартарапты кезді. Ойды ой қуып келеді. Ерні жыбырлап, әлдебір оқиғаны айтқысы келгендей қомда-нып қояды.

Олар оқиға орнына келгенде күн сәске

түс болды. Күн төбеде шақырайып, шыжып тұр. Мал көлеңкелеп, тораңғылдың салқын саясына тығылып, жатып қалған. Бірен-сараны ғана су жағалап жүр. Қармақ салып бір орыс отыр. Бұл төңіректен көзге шалынар басқа кесе-көлденең көрініс байқалмады.

Олар орысты ортаға алды.

– Балық жақсы қаба ма?

– Аздап...

– Көптен бері отырсың ба?

– Таңертеңнен бері.

– Мал айдаған адам көрдің бе?

– Бағана біреу атпен жүрген еді. Сол түстікке қарай кетіп қалды.

– Мм. Түр-түсі қандай?

– Малшы адам ғой. Басында шәпкесі бар, енді... өзіміз сияқты біреу ғой. Әйтеуір аты қасқа екен. Сол қасқалығы жатталып қалды.

– Рақмет. Жақсы ақпарат бердің.

Уәкілдер мал жоғалтқан адамға бұрылып:

– Мүмкін, қасқа ат мінген кісіні сіз тани-тын боларсыз? – деді.

– Көрші ауылда мал ұстайтын жездем тұрады. Әлгі орыстың айтуына қарағанда, соған ұқсайтын секілді.

– Онда көрші ауылға тарттық!

Сәулеттің іші бірдеңе сезді ме, жүргізушіге жедел жүр дегендей белгі берді. Басшыны бағып қалған жүргізуші лыпып кетті.

Малдың иесі – Алтынбек Ыстықбаев та, жездесі – Сырым Алмасов екен. Жолай білгендей, Сырым дәулетті адам секілді. Төрт түлігі түгел. Ол ұрыға ұқсамайды. Не болса да бара көреміз.

Ауласы атшаптырым үйге көлік кілт тоқтады. Алдымен көліктен Алтынбек түсіп, көше бет есікті еркін ашып, аулаға енді.

– Ассалаумағалейкум!

– Уағалейкум ассалам!

Топ ете түскен бірнеше кісінің оқыс жүрісіне түсінбей қалғандай Сырым бажы-рая қарады.

– Жезде, жоқ іздеп жүр едік, менің сиырым көзге түспеді ме?

– Түскенде қандай! Ол қорада тұр. Үш күннен бері іздемейтін қандай адам деп саған таңырқап отырмын.

– О пәлі! Солай де. Мұның балдызбен ойнағаның ба? Жоқ, әлде...

– Алтынбек-ау, біреудің адал малын ұрлап не істейін. Көршінің малымен ілесіп келіпті. Күйлеп жүр-ау, бұқасынан бір елі қалмайды. Мен таныған соң үйге әкеліп байлап қойдым. Ал, айтпағаным – әбден әуре-сарсаңға түсіп іздесін дедім. Анау апаңа да «айтпай, бір аптадан соң өзім жетектеп апарып беремін» дегенмін. Енді өзің келдің ғой, алып кет малыңды.

Сасқан үйрек артымен сүңгиді деген, Алтынбек жырқылдап күле берді. Ал, Сәулет бұған іштей қынжылса да, адал мал ұрыға ұрынып, қолды болмағанына шүкіршілік етті. Ол Сырымнан түсініктеме алды, Алтынбек малы табылғаны жөнінде қолхат жазды.

II

...Әдеттегідей офицерлердің толық құрам жиналысы басталды. Кейбірі бірер минут кешіккеніне ескерту алып үлгерді. Әншейінде жуас көрінетін, момақан мінезді командир бұл жолы ешкімнің маңдайынан сипайын деп тұрған жоқ.

Залдағылар күбір-күбір сыбырласып отыр еді, бірден жекіп тастады.

–Тоқтатыңдар, тыныштық сақтаңыздар!

Кешегі күннің мәліметі бойынша жеке-жеке талдау жасалып, жауапты қызметкерлер орнынан тұрып, әскери тәртіппен өз міндетін қалай атқарғанын мәлімдеп жатты. Бұл мәлімдемеге қанағаттанған командир жоқ. Қабағы қатулы.

– Бұл сала сегіз сағаттық жұмыс кестесін аяқтап, үйіңе уайымсыз қайта беретін мекеме емес, полицияға тәулік те аздық етеді. Жұмыс істеймін десеңдер, осыған көну керек. Қылмыстың көпшілігі тәуліктің екінші жартысында орын алады. Ал, ұйқыда жатқан адам қылмысты қалай ашады? Оқиға орнын суытпай қалай жедел жетеді? Мәселе осында.

– Жолдас полковник, сонда біз қашан демаламыз? – дей берген Сауранбаевқа: – Қылмысты ашқаныңның өзі демалыс, – деп тыйып тастаған полковник жуан жұдырықпен столды қойып қалды. Сөйтті де:

– Тілмен жүретін адамның бізге қажеті шамалы. Тізе қосып, тіл табысып, тәуір жұмыс істейміз десең, полиция романтика

емес, реализм! Ісің нағыз ерлерше, шынайы болғаны керек, – деді ашулы көзбен.

Тиісті тапсырмасын алғандар басшының рұқсатымен залдан шыға бастады.

– Құралбаев, сен қала тұр. Әңгіме бар.

Сәулет сенімді орынбасары, тәжірибелі маманы болғасын оған ерекше тапсырма жүктейді. Бұл жолы да солай секілді. Бұған ол үйренген, жеке құрамға үйретері де көп.

– Айтпақшы, әлгі әккі ұрыға қатысты не білдің? Көрдім-білдім дейтін біреу бар ма?

– Мүлдем жоқ. Бәрі басын алып қашады. Жеке-жеке сөйлестім. Өздерін көрсеткісі келмейді, елге мазақ боламыз деп ойлайды.

– Мм. Түсінікті. Дегенмен, бір ұшы шығар, істі тоқтатпа, соңын қу. Бұл ең жауапты тапсырма деп қабылда. Аты ұрлық болғанымен, іс күрделі.

– Құп болады, командир! Тапсырма орындалады.

Бұл қылмыстың беті ашылмағалы біраз болды, бел шешіп кірісуге кедергі бар. Елден естігені болмаса, ұрлық жайлы полиция бөліміне арыз берген бірі жоқ. Сәулетті қинайтыны осы.

Ол істі болғандар тізімін ақтарып, ішінен іліп алар күдікті таппады. Бұған қаны қайнап, басына шапты. Сөйтіп зілдене: «Түбің түскір ұрыны қалайда құрықтау қажет, елді басынып бітті!» деді де, тысқа шықты.

Сәулет бала күнінен өжет, қайсар болып өсті. Өзінің полицияға қызметке келуінің де тарихы ұзақ. Алдымен білімі, рухы, сосын мінезі сәйкес еді. «Қайық адасса кемеден, адам адасса, көнеден сұрайды» дегендей әкесінің кеңесі оның өміріне нұсқа болды. Тіпті, баласының намысын қайрай түсіп: «Полиция қызметкері еті тірі, ізденімпаз, еңбектен жалықпайтын ер болуға тиісті және ұйқыны жеңу керек. Бұл жігітке тән қасиет. Әйтпесе, біреудің көз-жасы мен наласына қалудың екі дүниеде де салмағы ауыр болады» дегені бар.

Сәулеттің бұған дейін қылмыстың қаншасын ашқанын бір құдай біледі, істі сауатты жүргізу, сонан соң сөзбұйдаға салмай, қысқа уақытта қылмыскерді құрықтайтын қабілетімен ешкім таласа алмайды. Оның бойына біткен ерекшелік те осы.

Ұры түскен үйлердің ұзын саны – отызға тарта. Жәбірленуші жақ кілең байшікештер. Оның кейбіріне екі реттен ұрлық жасалған. Сөйте тұрып, бәрі басын алып қашты. «Ұрлық болған жоқ, оны кім шығарды?» деп аңтаң кейіп танытады.

Жағдай күрделене түскен соң Сәулетті сансыз ой мазалады. Лажы таусылғанда Шерлок Холмстың шытырман оқиғалы кітаптарын ақтарып, із кесудің қыр-сырына терең қаныққан болады, алайда кімді тауып, кімге кісен салуы керек. Дәлел қайда? Ұры ұсталмаса – ұры емес.

Сәулет Құралбаевтың қылмыстық істер бойынша жауапты қызметкер ретінде шұғыл шешім қабылдауға өкілеттігі бар. Бұл жолғы із кесудің нәті бөлек. Нағыз кәсіби ұры! Оған өзі кіріспей, басқаның тәжірибесі жетпеуі мүмкін. Тәуекел деп тырысуының бір себебі сол.

Сәулеттің әу бастағы арманы әскери еді, бүгінгі полиция қызметкері болуына нағашы атасының ықпалы тигенін енді біліп тұрған жоқ. Соны есіне түсірді. Көпті көрген атаның даналығы дараланып тұрады. Шынында, ол – астроном, ол – із кесуші трассолог, ол – уақыт белдеуінің білгірі.

– Балам, даланың да өз заңы бар. Табиғатпен тілдесу керек. Тінін, тілін ұқсаң, ол бәрін де білдіреді. Мынау таяқшаны жерге қадашы.

– Ал, қададым.

– Енді таяқшаның көлеңкесі қалай құлады?

– Батысқа қарай. Көлеңке ортан белінен ауыпты.

– Ендеше сағат 12-ден 35 минут өтті.

– Оны қалай білдіңіз?

– Көлеңкенің ұзақтығына байланысты.

Сәулет бұған сенбей, сағатына үңілді. Шынында, сағат тілі 12:37 екен. Екі минут қана жаңылыпты.

Мұнысы ештеңе емес, із кескенін айтсаңшы. Қай жануардың ізі, ол қай уақытта бұл маңайда жүрді, қай шөпке жайылды немесе қай жемтікке келді, бәрін көзбен көргендей суреттеп береді.

Бірде атасы: «Қап бәлем, ит-құс көрші отардың бір қозысын әкетіпті. Түнде бейғам

уақытта бас салған ғой» деді. Атаның «ит-құсы» – қасқыр. Мал баққан жұрт оның атын атамайды, жанамалап жеткізеді. Қасқыр десе, қойды қырып кететіндей қабылдайды.

– Ата, «ит-құсты» қайдан білесіз?

– Мына ізі бара жатқанында қалған. Байқадың ба, із топыраққа терең түспеген. Ал, мынауы басқаша, салмақпен із салған.

– Түнде болғанын неден аңғардыңыз?

– Ізге әлі шық түсіп үлгермепті. Таң ата болғанға ұқсайды. Адам баласы таңғы үш пен бестің арасында қатты ұйқыға беріледі. Сол апақ-сапақта қораға түсіп үлгереді.

– М-м. Түсінікті.

...Ол ұйқыдан кенеттен шошып оянды. Басын көтерген бойда айқай салды: «Күдікті кәне?!»

Жанындағы жары жалма-жан ұмтылып шап беріп, ұстай алды.

– Сәулет, саған не болды?

– ?

– Есінді жишы, су ішіп жібер.

Сәулет салқын судан бір жұтым ұрттады да: «Мен күдіктіні түсімде көрдім. Ұзын бойлы жігіт. Арықша келген, спортшыға ұқсайды. Ол сөзсіз қолға түседі» деп орнынан сенімді тұрды. Түс – түлкінің боғы деп жатады. Осы сөз бекер ме деп қаламын. Себебі, ақиқат та аян береді екен.

Ол екі сарбазын ертіп, оқиға орнына барды. Айтса айтқандай, Сәдірбайдың үйінен шыққан етіктің ізі батпақ бетінде баданадай белгілі болып жатыр. Тергеушілер ізді кесіп, теміржол желісіне келіп тірелді. Ұры осы жерде рельске артын бере отырып, төрт дана темекі тартқан екен. Оның тұқылы табылды. Ары қарай із жоқ, көкке ұшты ма, көлікке отырды ма, бұл жағы бұлдыр. Аға жедел уәкілдің ойы тағы тұйыққа тірелді. Ал, ұрыны мұнда көлік күтіп тұрды делік, сонда сыбайласы кім болды? Айла біреу, амал шексіз.

Куәгерлер іздеді, ішінде көлікті көрдім-білдім деген бірі жоқ. Демек, көліктің болмауы да мүмкін. Ендеше төтеннен ғайып болатындай ұшқыш тарелкасы жоқ шығар? Осы жерде бір сыр бар...

Бұл күн сәтсіз өтті. Үйіне келді.

Сәулеттің көңіл-күйі тіптен қашты, та-

маққа тәбеті жоқ. Келіншегі мазасын алмай-ын дегендей, бөлмесінің есігін ақырын жауап қойды. Ол жалғыздан-жалғыз отыр.

Өзі де қызық адам. Кейде қасқыр сияқты қайраттанып кетеді. Кейде жынынан айырылған бақсыдай момақан қалыпқа түседі. Бірақ бір шүкірлігі, мінезі қанша өзгергенмен, артық сөйлемейді. Соны білгендей әйелі де ләм-мим демейді.

Күн табағы алыстағы құм төбелерге бауырлай батып, ең соңғы қиығы да көзден таса бола бастады. Қызарып батқан күн – ашық ауа райының белгісі. Ертең ауыр күн, ерте тұрып, жедел іске кірісу керек.

Таң сібірлеп атып келеді. Шығыс көкжиек құланиектеніп, күн мен түн өзара тартысқа түскендей, дүние көгілдір, мұнарға оранып сәл тұрды да, көп ұзамай жарық сәуле үстемдік ала бастады.

Бәйбішесі баптаған күрең шәйға қанып ішіп, Сәулет әдеттегідей жұмысқа жиналды. Іштей іс-тәжірибесіне сүйеніп жоспар құрғаны бар. Ал, қашанда ұрының арты қуыс, оның адымын аштырмауға ширақ қимыл қажет. Неден бастап, неден аяқтаудың формуласы қылаң беріп тұрған секілді.

Кешегі теміржолға тағы барды. Қасында екі әріптесі бар, бірі – жаңадан қызметке келген жас жігіт, екіншісі – тісқаққан кәнігі маман. Дегенмен, жас жігіт Сәулетке ұнайды. Әлі қулық-сұмдықтан ада азамат. Не істесе де, барынша ықыласпен кіріседі. Ал, кәнігі маманның әккілігі бар, жұмсаған жерге жартылай қатысады.

Сәулет теміржолдың екі бағытына екеуін жұмсады. Шамамен бір жарым шақырымға дейінгі аралықтан аяқ ізін анықтау жүктелді. Ішкі түйсік әлдебір жағдайды сезінетін сияқты.

Рация қосулы. Хабар күтіп, тағатсызданып Сәулет қалды. Төңіректі шолып, тыным таппай, тықыршып тұр. Кенет, иә, кенет жас полицей Берік байланысқа шығып, байғазы сұраған баладай қуанып: «Жолдас капитан, теміржол рельсінен аттаған із шықты, дереу жетіңіз!».

Сәулеттің көздері оттай жанып кетті. Аяғын ширақ басып, діттеген орынға да жетті. Шынында, тайға таңба басқандай із

сайрап жатыр. Әккі ұры теміржол желісінде етігін ауыстырып, үйге қарай таза киіммен кеткен. Сол із шеткі үйге апарды. Есікті қағып еді, ешкімнің дыбысы шықпады. Олар ішке енді. Дастарқан жаюлы, шәйдің ыстығы басыла қоймаған. Демек, үйден ұзамаған.

Айналасы жарты сағаттың жобасында зіңгіттей жігіт бас сұқты. Баласын балабақшаға апарып келген беті екен. Тұр-тұлғасына қарап, «мынау ұры» деуге қимайсың.

Иә, мынау түсінде көрген жігіт. Бойшаң десе бойшаң, ап-арық. Спортшыға ұқсайтыны келіңкірейді. Тек беті бұлдырап дұрыс байқалмаған еді, сонысы ғана өң мен түстің арасын алшақтатып тұр. Сәулет іштей «Е бәлем, қолға түстің бе? Ешкімге ұстатпаймын деген шығарсың. Бәрі бекер, ұры ақыры торға түседі. Сен де сондайсын» деп бетіне бажайлап қарады. Өзі де бірдеңе сезген шығар, артық қозғалыс жасамай дастарқан басына жайғасты.

– Бауырым, таныса отырайық, менің есімім – Сәулет. Қасымдағы серігім – Берік.

– Нұрбол.

– Сені іздеп жүргенімді сезген боларсың, енді бізбен бірге РОВД-ға баруыңа тура келеді.

Ол үндеген жоқ. Қолын созып, кісен салдыруға икемденді. Сөйтті де, жетектегі баладай ілесіп жүре берді. Өңі өрттей, әлденеден секем алғандай қипақтап келеді. «Мың асқанға – бір тосқан» екенін енді сезгендей ме, атаманның ақыры таяғанын да түсініп тұр.

Камераға кіргенде бірден сылқ түсті. Бұрын тергеу камерасында отырмаған, бірінші түсіп тұрғаны көзінен көрініп тұр, тап-тар тас қапасқа жалғыз қамаған соң көздері жыпылықтап кетті.

Сәулет – психолог, адамды көзден таниды. Ол Сәулеттен алдымен бір дана темекі сұрады. Асықпай тартып алды. Тартқанда да құшырланып емес, қайғы жұтқан кісіше қалың ойға қамалып отырды. Неден бастап, неден аяқтарын білмей, дал күйдегі пенде секілденіп, абыржып та қояды.

– Ал, Нұрбол, енді бүкпесіз айтуға тиістісің. Заң талабы солай. Алдаймын деп өзіңе өзің ор қазып жүрме?

- Түсінікті.
- Бұл іске қашаннан әуессің?
- Үш жыл болды.
- Оған не түрткі болды?
- Жоқшылық.
- Ұрлыққа түсетін үйді кім көрсетіп отырды?
- Ешкім, өзім шешемін.
- Байқауымша, кілең дәулетті кісілерді таңдағансың...
- Иә, олар мемлекетті жеген мешкейлер.
- Им-м. Тіпті, кейбіреуіне екі-үш реттен ұрлыққа түскенін білемін.
- Енді.. енді жағдай солай болды. Ақшасы болған соң амалсыз қайталанды.
- Былай қарасам, үйлі-баранды адамсың. Бала-шағаң өсіп келеді. Келіншегің базарда сауда жасайды. Өзіңнің жұмыс істеуге құлқың жоқ. Отбасын асырау үшін күн-түн демей жұмыс жасауың керек еді ғой...
- Жолдас капитан, ондай моральды анау мес қарындарға айтыңыз. Солар бір жақымен күнелтіп отыр ма?
- Сенің біреуде жұмысың болмасын, әркім өзіне жауап береді. Адамды алдағанмен, Алланың алдында бәрі бірдей. Ол күнәһар ма, әлде жемқор ма, тиісті жазасын алады.
- Так, ұрлықты кімнен бастадың?
- Бағдәулеттен. Кәдімгі кәсіпкер ше?
- Иә, танымын. Естуімше, сексен келі таратын сейфті тонағансың. Оны бірөзің үйден қалай көтеріп шықтың?
- Оның ешқандай қиындығы жоқ. Мен спортпен айналысқанмын, ондай салмақ маған түк емес.
- Шынында бұлшық еті ойнақшып тұр. Қолы қайратты.
- Енді сейф қайда?
- Әжетханаға тастадым. Тек ішінен ақшаны ғана алғанмын. Құжаттарға тигенім жоқ.
- Әжетханадан айғақ зат табылды, сырты кленкамен оралған. Ешбір құжат зақымданбаған. Қанша ұры болса да ұяты бар екен.
- Байқауымша, есік алдында адамды жұлып жейтіндей төбет ұстайтындар бар. Одан қалай сескенбедің?
- Жолдас капитан, ит – сезімтал аң. Адамның қорқып тұрғанын сезіп қояды. Сосын бас салады.

Сәулеттің сауалы біраз уақытқа созылды. Күдіктінің жауабына аға уәкілдің таңданысы көп. Адамның жандүниесі ашылмаған арал, шешілмеген жұмбақ қой. Бірақ жасаған ұрлығына қарап, қайран қаласын. Біріншіден, үйде кісі бар кезде ғана ұрлыққа түседі. Екіншіден, қай үйде ақша барын, ол қай жерде жасырулы тұрғанын сезеді. Үшіншіден, қай заттың қайда тұрғанын мүлт кетпей тура айтты есте сақтау қабілеті мықты екен. Оны ұрлыққа түскен үйлерді аралау барысында байқатты. Өзі айтқандай, тайыншадай төбеттер тіпті, үруге шамасы келмеді. Бір бұрышқа басын тығып, үнсіз жатты.

Олақша танығыш қасиетін де жасырмады.

– Мен кешкілік ақшаны бетіме жайып, иіскеп жатамын. Сол иіс мұрынға әбден сіңген соң бай-шонжардың баспанасына жетелейді. Және бұрын мүлдем таныс емес үйге еркін кіріп, ұйқыдағы адамдардың үстінен аттап өтіп, діттеген жерден дәмелі затымды алып шығамын, – деді.

– Есіктің құлыбын бұзбай ашатын қандай құрал пайдаландың? – деді Сәулет келесі сұрағында.

– Оның ешқандай қиындығы жоқ. Құлыпқа сәйкес келетін кілт жетіп жатыр. Оған темекі тұқылын пайдаландым. Тұқыл құлыптың керткі-бүрткі ішкі тістеріне қалалып қалып, жылтыр шарикті жылжытып, пружинаны сығымдайды, ары қарай оңай ашыла қояды.

– Жарайды, солай-ақ болсын, қазір эксперимент жасаймыз. Камераның тас-түйін есігін аш. Менің көзімді жеткізген соң саған сенейін.

– Ол үшін ескі-құсқы кілттер мен темекі берсеңіз...

Алла сақтасын, өз кілтімен әрең ашылатын құлыптың сарт етіп ілмегі босанып кетті. Мынауың нағыз «медвежатник» болды ғой.

Не десеңіз, о деңіз, Нұрбол кәнігі ұрыға жатпайды. Кәсіп қылып соңына түскен де емес. Тек қалтасы қағылып, қаражатсыз қалғанда амалсыздан барады. Өзі де кімнің үйіне ұрлыққа түсуді біледі. Белі ауырып, бақайы сыздап, қара бейнеттен маңдай-

ынан тері сорғалаған сорлыға жуымайды, оларға жанашыр көңілмен қарайды. Олай дейтінім, ұрлық жасаған соң ақшасын оңды-солды жұмсамай, алдымен көшеде үйсіз жүрген пақырларды жарылқайды. Мешітке барып, садақасын салады. Әйтеуір қаражаттан қиналып, кірер есік, барар тауы таусылған пендеге қол ұшын беруге құмар. Бұған не дейсіз? Міне, осындай ұры...

Ел болған соң есер де бар, елгезек те бар, еңбекке епті де, епсіз де бар. Сонда Нұрбол қайсысына жатады? Мүмкін епті шығар... Әлде есер ме? Нұрболдың әйелімен де сөйлесуге тура келді. Есімі Дана екен. Сұлу, сүйкімді келіншек. Жасы отыздың о жақ, бұ жағы. Базарда жалға алған бутигі бар. Сауда-саттықпен айналысады. Күнделікті ішіп-жемін ақтайтын көрінеді.

Дана алғашқыда сөйлесуден ат-тонын ала қашты. Нұрболдың не іспен айналысатынынан бейхабар болып шықты. Дегенмен дымы ішінде. Қасында жатқан байын білмейтіні өтірік. Үйге қомақты қаржы кіргенін әйелдің білмей қалуы мүмкін емес. Қанша жалтарса да қайда барады? Адам сырын айттам деп шынын айтады ғой, ол іштегі құпиясын ақтарып салды.

– Нұрбол, нағыз спортшы. Ерінбейді, көп еңбектенеді. Әттең оған жақсы жаттықтырушы табылмады. Сонан кейін спорт екінші кезекке ысырылып қалды. Ол шыққан отбасы үлкен шаңырақ. Бауырлары бар, бірақ тығыз қарым-қатынаста дей алмаймын. Енеміз еншімізді бергенде, бір көрпе, екі жастық, текемет қосты. «Енді алақандарыңды жая бермей, өз күндеріңді өздерің көріңдер» деді. Содан бастап Нұрболдың мінезі өзгерді. Ел қатарлы өмір сүргісі келді ме, баспана салуға әрекеттенді. Ауы мен бауы құралмады. Шаршады. Ертелі-кеш жастыққа қисайып, ойлана беретін болды. Кей кездері жоғалып кетіп, екі-үш күн өтіп оралады. «Қайдан келдің?» десем, жауап қатпайды. Әйтеуір ақша әкеледі. Қайдан білейін, бір жерге барып, жұмыс істеп келген екен деймін де қоямын. Қай әйел ақшаны жек көреді, іштей тағы әкелсе деп тұратын болдым. Кейде күткендегіден көп мөлшерде әкеледі. Қуанып қаламын. Аздап алтын

бұйым алдым. Бутигімнің заттарын арттыра бастадым.

– Сонда ұрлық жасап жүргенін қалай сезбедіңіз?

– Кейінгі кезде ол ұзақ уақытқа кетіп қалатын болды, – деді Дана шындықтың шымылдығын ашқысы келіп. – Мен де бір үйдің жалғыз қызы едім. Күйеуім туралы шешем айта бастаса мен жүре тыңдадым. Сөйте тұра оның кеңесіне көнбей, Нұрболды сүттен ақ, судан таза етіп, ақтап жүрдім. Бір артықшылығы, маған дауыс көтерген емес, айтқанымды сол заматта орындайды. Таңертең жұмысқа кеткенде, қызымды садикке апарады, алып қайтады. Ұлдың сабағын қадағалап, мектепке дайындап жібереді. Кешке үйге келгенде тамақ дайын, үй таза болады. Мұндай еркекті жер бетінен тауып көр.

– Сонымен Нұрболдың ұры екенін білдіңіз...

– Білдім. Қалтасында бума-бума ақша жүретін болды. Қалаға қатынағыш, қасына достарын ертіп, тойлататын әдеті көбейді. Артынан аңдуға көштім. Кафеде отырған жерінен үстінен түстім. «Пора-пора ақшаны қайдан алдың?» дедім. «Досым берді» деді. «Осының ісі шикі» деп соңынан ұстап алдым. Бірақ полицияға айтуға дәтім бармады. Өз күйеуімді өзім қалай ұстап берейін. Содан үнсіз қала бердім.

– Дұрыс, Дана.

– Енді Нұрбол сотталады. Жазаны жасаған қылмысына қарай тағайындайды.

Дананың түрі өзгеріп кетті.

– Біз қалай өмір сүреміз?

– Елдің ішіндесіз, аш қалмассыз.

– Соңғы сұрағым бар: «Нұрболмен кездестіресіз бе?»

– Жарайды. Тек ертең.

Дана үйіне кетті.

Ертесіне әйелі Нұрболмен кездесті. Камера толықтай бақылауға алынды. Алда-жалда араларында қылмысқа қатысты мәселе қозғалса, бейнежазу қалт жібермейді. Дана егіліп, көз жасына ерік берді. Байқаймын, Нұрболды сүйеді. Қылмыскерге қимайды.

– Жаным, енді біз қалай өмір сүреміз?

– Саудаңды жасай бер, аштан өлмессіңдер.

– Бізге қалдырған қаражатың жоқ па?
– Бәрі бітті. Сосын сотқа келмей-ақ қой.
Босқа көңілің босайды.

– Нұрбол, бірдеңе деші...

– Шатырда сөмке бар. Соның ішіндегі бірнеше өтімді деген заттарды сатып жібер. Енді үйге қайт!

Нұрболдың нысанаға алған нүктесіне Данадан бұрын Сәулет жетті. Шынында, бір сөмке зат. Дүрбі де бар, сағат, пышақ, қысқасы сөреге шығармай-ақ саудасы келіп тұрған дүние. Әлгі айғақ заттардың енді егесін білетін боламыз.

– Нұрбол, мына дүрбі кімдікі?

– Спандиярдың үйінен алдым.

– Ол үйден тағы басқа қандай зат қолды қылдың?

– Алтын сағат.

– Мынау екен ғой. Ендеше Спандиярмен бетпе-бет кездесеміз. Оқиға қалай жасалды, соны барынша айтып бересің.

– Жарайды.

Алдымен Спандиярды телефонмен полиция бөліміне шақырды. «Полиция іздеп жатыр» дегесін, Жаппарқұлда жан бар ма, жетіп келді.

– Сіздің үйіңізге ұры түскені туралы хабарыңыз бар ма?

– Жоға, құдай сақтасын, оллаһи-биллаһи дейін...

– Сейф қайда тұратын еді?

– Подвалда.

– Соңғы рет қашан көрдіңіз...

– Есімде жоқ.

– Так, мына заттарды танысыз ба?

– Дүрбі менікіне ұқсайды. Сағат точно менікі.

– Мұны қалай білмегенсіз?

– Күнде сейфті ақтара бермейміз, керек затты ғана қараймыз да, жауып қоямыз.

– Жақсы. Бара беріңіз.

Келесі заттың иесі де келді. Ол өз дүниесін танығанда шоршып түсті.

– Мынаны сен құрттың деп баламнан көріп жүрсем, мұнда екен ғой.

– Үйіңізге ұры түскен.

– Не дейді! Алла сақтасын...

Заттар түгел таратылды. Бұлтартпас айғақ Нұрболдың қылмыскер екенін дәлелдеп тұр. Қазбалай берсе, тағы қанша зат шығарын бір құдай біледі.

– Нұрбол, сен кей адамның үйіне бірнеше рет ұрлыққа түстің. Олар сезіктеніп қалып, сені аңдыған болар...

– Мені жынды дейсіз ба, кұнара бара беретін. Арасын суытып барам ғой. Дегенде адамы жоқ үйге кірмеймін.

– Сонда қалай?

– Ол таза ұрлыққа жатпайды. Қаруы жоқ адамға қару қолданған секілді.

– Ондай да әдіс бар ма?

– Әрине. Мен түнгі мезгілде, ел шырт ұйқыда жатқанда шығамын. Сол шақ ұрлыққа өте ыңғайлы.

– Қанша үйді тонадың, сол ақша қазір қайда?

– Негізі оңай келген олжа оңай кетеді екен. Мен соны сездім. Әйтеуір бір тылсым күш беталды жұмсауға итермелеп тұрады. Әйтпесе, миллионер болатын уақыт туды. Дегенде мен сізге ризамын.

– Не үшін?

– Мені ұстағаныңыз үшін. Басқа адам ұстауы мүмкін емес. Менің артымнан сезікті із қалмайды. Ұрлық жасаған күні міндетті түрде моншаға барамын. Әбден тазаланамын. Киім де жуылады. Сосын елдің көзіне түсе бермеуге тырысамын.

– Нұрбол, болар іс болды, бояуы сіңді. Енді өкінгенмен кеш. Түрмеде бос отырмай, өзіңді тәрбиеле. Ұрлық жасамауға өзіңді бейімде. Біреудің адал дүниесі сізге байлық болмайды. Наласы бар, одан жақсы болған адам көргенім жоқ.

– Көрермін!

Қылмыстық іс сотқа өткізілді. Сот Нұрболды айыпты деп санап, алты жыл бас бостандығынан айырды. Қазір ол Шымкент түрмесінде жазасын өтеп жатыр.

Қаныбек ӘБДУОВ,
журналист
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы (бұрынғы Мичурин) көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.7.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.7.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 14. Таралым 778.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»